

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН!

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

19

НАУРЫЗ
СЕНБІ

2016 жыл
№40-41 (19125-19126)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Жер-жаһанға тіршілік нәрін сеуіп, ару көктем алып келген жарқын мерекеміз – Ұлыстың ұлы күні баршаңызға құтты болсын!

Наурыз – ізгілік пен бірліктің мерекесі. Бұл күні барша жұрт өкпе-ренішті ұмытып, ағайынмен бір дастархан басында қайта табысады. Адамдар бір-біріне бақыт пен береке тілейді. Келер жылдан кемелдік тілеп, амандық айтып, ақ пейілдерін арнайды. Бұл кезеңді біздің халқымыз береке-бірлік, ырыс-құт мезгілі санайды.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, «Ұлыстың ұлы күні – көңілде кірбің қалмай қауышатын, түсіністікпен табысатын күн».

Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ. Қазақстанның бүгінгі қол жеткен жетістіктері соның айғағы.

Сыр өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық оң өзгерістерді өздеріңіз көріп, сезіп отырсыздар. Мәселен, облыс халқының 95 пайызы таза ауыз сумен қамтылды. Бұл – республикадағы екінші көрсеткіш. Мемлекет қаржысы есебінен салынған құры-

лыс көлемі облыста 3,5 есеге, ал Қызылорда қаласында, мысалға, тұрғын үй құрылысы 8 есеге өсті. Осының нәтижесінде пәтерге кезекке тұрғандар саны бір жылда 17%-ға азайды.

Өңір жан басына шаққандағы бюджет шығыстарының көлемі бойынша республикада 5-ші орынға көтерілді, ал әлеуметтік салаға қаржы бөлумен бірінші орында. 3 пен 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамтуды 100 пайызға жеткіздік. Өткен жылы 4 ауданға көгілдір отын жеткізсек, қалған үшеуі биыл газдандырылатын болады. Жаңа жұмыс орындарын ашу, кәсіпкерлікті қолдау, ірі инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы елдің тұрмысын, әл-ауқатын жақсарту бағытындағы жұмыстарды қарқынды жалғастыратын боламыз. Тізбектеп айта берсек, игілікті іс көп. Бұл – бәріміздің жұмыла еңбек еткеніміздің ортақ жемісі.

Ұлыстың ұлы күнінде айтылған барлық тілек қабыл болады, дейді атам қазақ. Олай болса, киелі Наурыз мерекесі баршаңызға жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін! Еліміз тыныш, әрбір жаңа күн барлық отбасына шат көңіл, бақыт және береке сыйласын!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Құрметпен,

Қызылорда

облысының әкімі

Қ.КӨШЕРБАЕВ.

МЕРЕКЕЛІК ТARTY

ҚОҢЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Кеше Қызылорда қаласында 180 отбасы жаңа пәтерге ие болды. Салтанатты кілт тапсыру рәсіміне облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, қуаныш нелерін құттықтады.

Жаппасбай батыр көшесіндегі апаттық жағдайдағы үйдің орнына салынған баспана табалдырығын 60 отбасы аттады. Жүздері қуаныштан бал-бұл жанған жандарға арнаған сөзінде:

– 2014 жылдың қорытындысымен 264 пәтердің кілтін тапсырған болсақ, былтыр 2684 отбасы баспаналы болды. Нәтижесінде бір жылдың ішінде қалада пәтер кезегінде тұрғандардың 17%-ы үй алды. 53 көпқабатты үй салдық, биыл 67 тұрғын үй салып, пайдалануға береміз. Кезегін күтіп жүрген халықтың 24,3%-ы осы жылы пәтер алғалы отыр. 2 жылда үй кезегінде тұрғандардың 41%-н баспанамен қамтамасыз ететін боламыз. Бұл – үлкен жетістік. Қоныс тойларыңыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын! – деді облыс әкімі. Сондай-ақ, жиналғандарға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сейілбек Шаухаманов батасын беріп, мерекелік лебізін жеткізді.

Ұлыстың ұлы күні қарсаңында пайдалануға берілген тұрғын үй облыс әкімінің апаттық жағдайдағы үйлердің мәселесін шешу тапсырмасына орай бой көтерді. Нақтылай түссек, 2013 жылы 25 апаттық үй тіркелген болатын. Олардың орнына жаңа нысан салу үшін 60 пәтерлік 5 үйдің, 100 пәтерлік 1 үйдің жобалық-сметалық құжаттары дайындалды. Бүгінде 144 пәтер тұрғындар игілігіне беріліп үлгерілді.

Биыл 100 пәтерлік 1 үйдің және 60 пәтерлік 2 үйдің құрылысы басталмақ. Демек, апатты үйлер мәселесі келер жылы толығымен шешіледі.

Жаңа қонысқа қолы жеткен тұрғындар облыс әкіміне өз ризашылықтарын жеткізді. Солардың бірі – Әмина Ғаниева.

– Отбасымызбен 12 жыл апатты үйде тұрдық. Бүгінгі қуанышымды айтып жеткізе алар емеспін. Жаңа баспанадан үміттенгенімізбен, қолымыз жетпей қалады ма деген күмәннің басым болғанын жасырмаймын. Елбасының қолдауымен арманымыз орындалып жатыр. Барлық үйлі болып жатқандарды қуаныштарымен құттықтаймын, – деді ол ағынан жарылып.

Сондай-ақ, осы күні Титов шағын ауданында 120 жас отбасы пәтер иесі атанды. Аймақ басшысы жас отбасыларды жаңа қоныстарымен құттықтап, игі тілегін жеткізді. Сондай-ақ, ол облыстың даму қарқыны өскендігін құрылыс жұмыстары еселенуінен байқауға болатынын айтып, құрылысшыларға алғысын білдірді.

Соңғы жылдары облыстағы тұрғын үй құрылысы ерекше қарқын алып отыр. Мемлекет қаржысы есебінен салынатын тұрғын үй көлемі облыс бойынша 2015 жылы 3,5 есеге, ал Қызылорда қаласындағы тұрғын үй құрылысы 8 есеге артқан. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында игілікті іс, шаңырақ егелерінің шат-шадман көңілі осынау жетістіктің тағы бір дәлеліндей болды.

Нағымжан САУЯЕВ.

Наурызда жарқылдаған жасын от бар,
Адамдар құлай сүйген қасиет бар.
Ұлтымның дәстүр-салтын жарқыратқан,
Жырында жүрек тербер өсиет бар.



САПАР

ТҰЛҒАЛАРҒА ЕЛІ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

– Ардақты ағайын! Наурыз мейрамы аясында елдік маңызы зор, тәрбиелік мәні терең игі шарада бас қосып тұрмыз. Алаштың анасы атанған Сыр бойы, ұлт тарихы мен руханиятымызда ерекше орны бар талай қайраткер мен зиялыларды туғызған қасиетті топырақ екені белгілі. Бар саналы ғұмырын елінің әлеуметтік-экономикалық дамуына арнаған азаматтар арасында Ұлы Отан соғысының ардагері, Сыр елінің белгілі қайраткері Жаңабай Азаматовтың орны бөлек. Соғыстан кейінгі аса ауыр жылдары халқымыз бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, тынымсыз еңбек нәтижесінде жоқтың орнын толтырды, биікке өрледі. Ұлық мереке қарсаңында өзі туған ауылдың орталық алаңына Жаңабай Азаматовтың аты беріліп, ескерткіш тақта орнатылып отыр. Бұл – ел үшін аянбаған тұлғаға көрсетілген құрмет, еңбегіне берілген әділ баға. Абзал азаматты айту – бізге парыз. Өйткені жаксының жаксы ісі жас ұрпаққа өнеге болуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

2-бет



Кеше Сырдария ауданы Шіркөйлі ауылында «Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні» атты мерекелік думан өтті. Берекесі мен бірлігі жарасқан талай тарлан тұлғаларды дүниеге алып келген киелі мекенде соғыс және еңбек ардагері Жаңабай Азаматов атындағы орталық алаң мен ескерткіш тақта және халық жазушысы Қалтай Мұхамеджановтың бюсті ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, ауыл халқының қуаныштарымен бөлісті.



Наурыз мерекесіне орай Қызылорда облысында өтетін іс-шаралардың БАҒДАРЛАМАСЫ

19 наурыз – «Наурыз жанару» (көрсейту-қоғалдандыру, тазалық күні)

Сағ. 9.00 – «Бауырсақ party» және тал егу акциясы (Тұңғыш Президент паркі).
– Жалпыхалықтық сенбілік.

20 наурыз – «Наурыз берекесі» (мәдени-көпшілік шаралар)

Сағ. 9.00-12.00 – «Сыбаға саркыт» атты ауылшаруашылық жәрменкесі және «Күш атасын танымас» атты сайыс («Тағзым» алаңы).
– «Шапағатын, нурын сепкен Ұлы Наурыз» атты театрландырылған қойылым (Сырдария аудандық мәдениет үйі).

– Қаланың мәлімет аудандарында мәдени-көпшілік шаралар.

21 наурыз – «Наурыз шуағы» (мәдени-көпшілік, жалпыхалықтық серуен күні)

Сағ. 10.00 – Орталық алаң. «Ұлыса мейрей сыйла, нуры Наурыз!» атты концерттік бағдарлама.

Сағ. 19.00 – Наурыз мейрамына арналған гала-концерт.

22 наурыз – «Ұлыс күні»

Сағ. 9.00 – Орталық алаң. Қаладағы жоғары

және арнаулы оқу орындарының Наурыз мейрамына арналған концерттік бағдарламасы және жалпыхалықтық серуен.

Сағ. 10.00 – Ірі сауда орындары, базарлар мен мейрамханалардың жалпыхалықтық Наурыз дастархан.

Сағ. 10.00 – «Біздің ауладағы Наурыз» атты қаланың мәлімет аудандарындағы мерекелік іс-шаралар.

21-22 наурыз күндері

Қала және аудан орталықтарында және елді мекен тұрғындарына арналған мерекелік бағдарлама (спорттық шаралар, мерекелік дастархан, т.б.).



ТҮЛҒАЛАРҒА ЕЛІ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Жаңабай Азаматов – білікті басшы, шебер ұйымдастырушы ретінде облыстың ауыл шаруашылығын дамытуға және білікті кадр даярлауға көп еңбек сіңірген қайраткер. Елі үшін еткен еңбегі елеусіз қалмай, екі мәрте Ленин және Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған.

Ұтымды ойдың ұстасы Қалтай Мұхамеджановты барша қазақ халқы қадір тұтқан. Ұлт мақтанышына айналған жазушының бюсті ауылдағы Мәдениет үйінің алдында бой көтерді. Ашылу рәсімінде аймақ басшысы қаламгердің ұлт әдебиетіндегі орны жайлы орамды ой айтты.

– Бүгін Шіркейлі ауылы мен Сырдария ауданы ғана емес, бүкіл қазақ елі үшін тарихи мәні бар ерекше күн десек, артық болмас. Өзі туған ауылдың төрінен Сыр елін алыс-жақын шеттегі танытқан, халық жазушысы, драматург, қазақ әдебиетіне бүтіндей бір жаңа бағыт алып келген сөз зергері, Қалтай Мұхамеджановтың бюсті ашылды. Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов негізін қалаған қазақ драматургиясын Қалтай Мұхамеджанов әлемдік деңгейге көтерді. Қазақтың Қалтайы атанып, бүкіл елдің шексіз сүйіспеншілігіне бөленген ағамыз, Сыр елі мақтан тұтатын шын алыптардың біріне айналды. Әр адамның дән өсетін құнарлы топырақтай, көзін ашып, көкірегің оятатын ортасы болады. Қалаға өсіп-өнген құнарлы сөздің отты ортасы, туған жер – алтын бесігі, қасиетті Шіркейлі деп білеміз. Осындай топырақтан шығып, көне Сырдың қас жүйріктері, ақын мен ахунның сөздерін құлағына құйып өскен Қалтай ағамыздың сөзге жүйрік, тапқыр болмасқа хақысы жоқ еді. Қалтай аға артына мол мәдени-әдеби мұра, драмалық шығармалар мен публицистикалық еңбектер қалдырған аса дарынды қаламгер. Асыл ағамыздың ел ішінде кеңінен тараған әзіл әңгімелері әлі күнге халық арасында көп айтылады. Азбайтын да, тозбайтын да астарлы қалжыңдары театр сахналарында, халқымыздың жаздында. Соған шүкіршілік қыламыз.



Сыр топырағынан шыққан жарық жұлдыздарымызды ұлықтап, оларға лайықты құрмет көрсету – біздің перзенттік парызымыз. Бұл ескерткіш ауыл көркіне көрік қосып, жастарымызға патриоттық сезім беретін рухани орынға айналады. Қалағаның мұрасы жыл өткен сайын асқақтап, жастарды өрлікке, биіктікке шақырып, тереңіндегі маржандай жарқырай берері сөзсіз. Ескерткіштің ашылуы баршамызға құтты болсын, ағайын! – деген облыс әкімі аудан жұртшылығын ұлысқа мерей, туысқа мейір сыйлаған мерекемен құттықтады.

Салтанатты шарада аймақ басшысы ұлттық нақышта безендірілген киіз үйлерге кіріп, аудандық, ауылдық ардагерлер кеңесінің мүшелерімен, шаруашылық төрағаларымен әңгімелесіп, ақсақалдар батасын алды.

«Ауылына қарап, азаматын таны» демекші, іргелі іске ұйытқы болған «Мәді қажы» серіктестігінің басшылығы орталық алаң мен бюст құрылысына қаржы бөліп отыр.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.



• БРИФИНГ

АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ



Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі жаңындағы өңірлік коммуникациялық орталығында өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Бақыт Жаханов азық-түлік бағаларын тұрақтандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайын баяндады.

– Облыста азық-түлік тапшылығын болдырмау, нарықты молайту мақсатында «Байқоңыр» ӘҚК» ҰК» АҚ мен «Мирас» СУ арасында жасалған әріптестік келісім негізінде өткен жылы 18 832,5 тонна өнім нарық бағасынан 15-20 пайызға

төмен бағада сатылды. Сондай-ақ, облыс нарығында баға көтерілуіне жол бермеу үшін 59 ірі сауда субъектісімен ынтымақтастық туралы меморандумдар жартылды. Меморандум бойынша нанның бағасын орташа 49 теңге шамасын-

да ұстап тұруға мүмкіндік берілуде. Қазіргі таңда азық-түлік тауарларының бағалары тұрақты, - деді Б.Жаханов.

Ресми статистика бойынша азық-түлік тауарларының жыл басындағы бағаларының индексі 101,9 пайыз болып отыр. Сауда орындарында 7 өнімнің бағасы 3 пайызға дейін өскені байқалады. «Олардың қымбаттау себебі, аталған өнімдердің шетел валюталарымен сатып алынатындығында», - дейді басқарма басшысы.

Тұрақтандыру қорында 1780,6 тонна өнім сақталуда. Оларды 13 әлеуметтік-сауда дүкендері арқылы саудалап жатыр.

Өңіраралық тауаралмасуды дамыту мақсатында жуырда Ақтөбе қаласында ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізіліп, онда 30 млн теңгенің 130 тонна өнімі саудаланған. Ал Наурыз мерекесіне орай облыс орталығында жексенбі күні «Тағзым» алаңының маңында жәрмеңке ұйымдастырылады. Сондай-ақ, жәрмеңкелер барлық аудан орталықтарында өтеді. Бұл шарада арзан бағада ірі көлемде тұрақтандыру қорының өнімдерін сату көзделуде.

Н.САҒАТУЛЫ.

• ТАРАЗЫ

ӘЛЕМ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ БҮГІНГІ АХУАЛЫ

2016-2017 жылдары жалпы ғаламдық экономикадан не күтуге болады? Сарапшылардың, халықаралық валюта қорының болжамы бойынша ахуалдың оңды сипат алуы ең алдымен Қытай экономикасындағы жағдайға байланысты болады. Жуырда Қытайдың қаржы министрлігінің баяндағанындай Қушығыс елінде 2016 жылы жалпы ішкі өнімнің өсімі 5-6 пайыз көлемінде болжанып отыр.

Күншығыс елі әлем экономикасының локомотиві екенін ескерсек, бұл басқалардың өсуі үшін мүлдем азық етеді. Еуропа елдеріндегі жағдай мөз емес. Босқындардың ағынынан зардап шеккен Еуропа елдерінде жұмыссыздық 10-20 пайыз көлемінде қалыптасты. Қалай болғанда да әлем экономикасының сауығуы 2017-2018 жылдардың еншісіндегі мәселеге ұқсайтындай сыңайы бар. Бірақ өсім күткендейдей тым көтеріңкі болмайды, ол, бәлкім, тіпті ұзақ жылдарға дейін аз ғана қарқынмен дамуы мүмкін. Бұл экономистердің, әлемдік деңгейдегі сарапшылардың пікірі.

Жуырда Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев 2016-2018 жылдарға арналған бюджеттің жаңа болжамына АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы 360 теңге көлемінде алынғанын мәлімдеді. Бюджетті қалыптастырғанда мұнай бағасы барреліне 30 доллар, металдар бағасының 15 пайызға төмендеуі негіз ретінде алынатын болады. Осындай болжамдардың нәтижесінде 2016 жылы Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 44,2 трлн теңге болады деп күтілуде. Бұл өткен жылдың қараша айында белгіленген болжамынан 1,3 трлн. теңге кем. Демек, әлем экономикасы күткендейден төмен қарқынмен дамиды, өсімінің күтілуі тым ерте екені қазірдің өзінде шыныдақа айналып отыр.

Министр Қазақстанда 2016 жылы инфляция деңгейінің 6-8 пайыз аралығында қалыптасатынын мәлімдеді. Салыстырмалы түрде алғанда бұл жалпы халық, тұтыну рыногы үшін тәуір көрсеткіш.

Қазақстанда өткен жылдың қараша айында айтылған болжамдардың барлығы күткендейден төмен болды. Елімізде 2015 жылы өнеркәсіп өнімінің төмендеуі сипаты айқын сезілді. Бұл Қазақстанның мұнай және басқа да жерасты қазба байлықтарының әлемдік рыноктағы қолайсыз бағасына байланысты болды. Болжамдар бойынша өнеркәсіп өнімі төмендегенімен Қазақстанда 2016 жылы ауыл шаруашылығы саласы біршама оңды көрсеткіштерге қол жеткізеді.

Украинаның экономикалық даму және сауда министрлігінің болжағанындай, 2016 жылдың 1 жартыжылдығында елдің ішкі жалпы өнімі 1 пайызға артады. Бірақ сарапшылардың пікірінше, бұл көрсеткіштің біршама көтеріңкі түрде алынғаны айтылуда. Экономикада өсім әдетте өлі нүктеден есептеледі. 2014-2015 жылдардағы құлдыраудың төмен нүктесін есептегенде бұл өсімді қанағаттандырып сезіммен қабылдауға болмайды.

Дегенмен Украинаның шығысындағы кәсіпорындар жұмыс істей бастады. Жалақы берілуде.

Сауд Арабиясы мен Ресей мұнай бағасының одан әрі төмен сырғуын тоқтату үшін оның өндіру көлемін 2016 жылдың қаңтарындағы деңгейде сақтап қалуға уйғарым жасаған еді. Бірақ 30 жылдан кейін АҚШ санкциясынан енді ғана арылған Иран қазір мұнай көлемін ұлғайтуға мүдделі. Сондықтан жуық арада әлем рыногында мұнай бағасы жылдам өседі деген болжамдар біршама көмескі тартады.

Жуырда ғана әлем жұртшылығының аңсары ауып отырған мұнай рыногында біршама оңды жағдай қалыптасты. Атап айтқанда, мұнайдың “Brent” маркасының құны барреліне 40 доллардан асты. Бұл 2015 жылдың желтоқсан айынан бері тұңғыш рет жоғары баға ретінде аталуда. Осы көрсеткіш қанша уақытқа дейін сақталады? Мұнай бағасы әрі қарай өсе ме, әлде қайтадан



төмендей ме? Әзірге бұл сауалға ешкім дәп басып ештеңе айта алмайды.

Соңғы деректерге сүйенсек, Ресейдің бастамасы бойынша үстіміздегі жылдың 20 наурызында Мәскеуде әлемдегі мұнай өндіруші 15 мемлекеттің мұнай саласының басшылары бас қоспақшы. Сарапшылардың бағалауы бойынша бұл мемлекеттер әлемдегі мұнайдың 73 пайызын өндіреді. Олар мұнай рыногындағы баға қандай болу керектігін, ол үшін тәулігіне қанша мұнай өндіру керектігін талқылайды. Кездесуде көптеген түйінді мәселелер шешімін табады деп күтілуде.

Бірақ Халықаралық валюта қорының есебі бойынша жуық арада әлем экономикасында өсу жағына қарай серпіліс бола қоймайды. Валюта қорының болжамы бойынша 2016 жылы әлем экономикасының өсімі 3,4 пайыз өседі деп күтілуде. 2017 жылы өсім болжам бойынша 3,6 пайыз құрайтын болады.

Ж. ӘЛМАХАН.

• ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

НАҚТЫ ШАРАЛАР БЕЛГІЛЕНДІ

Облыс прокурорының орынбасары Руслан Райхановтың төрағалығымен облыстық прокуратура жанындағы заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі қоғамдық кеңестің кезекті отырысында әкімшілік жаза ретінде салынған айыппұлды төлету арқылы «мүлдем төбеушілік» принципін қалыптастыру мәселесі талқыланды.

Қоғамда жазаның бұлтартпастығын, оның ішінде айыппұл төлеу міндеттілігін қалыптастыру арқылы заңның үстемдігіне, тәртіпсіздік пен құқық бұзушылыққа «мүлдем төбеушілік» принципін қамтамасыз етуге қол жеткізілетіні анық. Осы ретте, облыстық прокуратура Елбасы Жолдауында атап айтылған «мүлдем төбеушілік» принципін жүзеге асыру аясында, қадағалау аймағындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органдармен әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманың қолданылуына, оның ішінде әкімшілік айыппұлдың өндірілу жағдайына талдау жасаған екен.

Құқықтық статистика органының мәліметіне сүйенсек, 2015 жылы уәкілетті органдармен 2,1млрд теңге әкімшілік айыппұл салынып, оның 922,2 млн теңгесі өндірілсе, биылғы 2 айда салынған 263,8 млн теңге айыппұлдың бар болғаны 77,2 млн теңгесі өндіріліп, тиімділігі 29,2%-ды құраған. Ал республикалық көрсеткіш – 35,3 пайызға тең. Жасалған талдау уәкілетті органдармен қолданыстағы “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” кодексе нормаларын толық көлемде меңгеру, сондай-ақ әкімшілік тәжірибе құрылымдарының жұмысына ведомстволық бақылауды күшейту қажеттілігін көрсетіп отыр.

Әкімшілік жаза ретінде салынған айыппұлды төлеу міндетті екені туралы халықты құқықтық сауаттандырудың, сонымен бірге қоғамдық бірлестіктерді аталған бағыттағы іс-шараларға тарту жұмыстарының әлі де болса жеткіліксіздігін, ең бастысы жағдайдың бұлайша қалыптасуына келесік дәуірден бері қалыптасып, айтарлықтай өзгеріссіз қолданылып келе жатқан ескірген үрдістегі алдын алу шараларының тиімсіздігін байқағты. Прокуратура органдары жүргізген тексерістермен 1 562 заңдылықты бұзу фактісі анықталып, оларға жол берген 154 тұлға тәртіптік және 99 тұлға әкімшілік жауаптылыққа тартылса, енгізілген прокурорлық қадағалау актілерінің қаралу нәтижесімен 6,2 млн. теңгеден астам айыппұл өндірілген.

Мысалы, ішкі істер органдарына жүргізілген тексерістерде 17,5 млн теңге айыппұлды мәжбүрлеп өндіруге шаралар қолданылмағаны, сондай-ақ процессінг орталығы бойынша 1 млн. теңгеден астам айыппұл салу туралы ұйғарымдар заңмен белгіленген мерзімде құқық бұзушыларға жолданбағаны, 122 әкімшілік істер бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібі негізсіз қолданылғаны және 753 160 теңгеге айыппұл салу туралы 76 қаулының заңсыз қабылданғаны анықталған. Сонымен қатар, айыппұлдардың төлену шынайылығына қарсы тексерулер жүргізіліп, 16 құқық бұзушыға қатысты 150 мың теңгеге жуық айыппұл сомасының бюджетке түспегені, сондай-ақ 13,2 млн теңге айыппұл салу туралы 1 358 қаулы сот орындаушыларда қозғалыссыз қалғаны да белгілі болған.

Облыстық прокуратура бастамасымен мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғалардан төленген айыппұлды құқық бұзушылыққа жол берген лауазымды тұлғалардан кері талап қою арқылы өтеттіру қамтамасыз етілуде.

Облыстық прокуратура жанындағы заңдылықты қамтамасыз ету жөніндегі қоғамдық кеңес отырысында алдағы уақытта әкімшілік жаза ретінде салынған айыппұлды төлету арқылы «мүлдем төбеушілік» принципін қалыптастыру бағытында атқарылатын нақтылы ұйымдастырушылық шаралар белгіленді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 1999 жылғы 7 тамыздағы №19/222 қаулысымен бекітілген «Сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың ережелерінің» 8-1 тармағына сәйкес мәслихат депутаттығына кандидаттардың арнаулы уақытына шоттарға қаражаттың келіп түскені және оның жұмсалуды туралы 2016 жылғы 17 наурыздағы жағдай бойынша ақпаратты хабарлаймыз:					
№ рс	Кандидаттардың ТАӘ	Сайлау округінің № мен қай мәслихатқа тіркелгені	Түскен сомасы, теңгемен	Соның ішінде:	
				Өз қаражаты	Ерікті қайырма-лықтар
1	Тілеп Ибайұлла Тілепулы	№5 облыс мәслихат	76000	76000	
2	Жансақалов Абдимажит Алмағамбетович	№16 облыс мәслихат	190000	190000	
3	Бекбаулов Бекқали	№14 Қазалы аудандық мәслихаты	500	500	
4	Нұржаубай Оңталап Әбілханұлы	№6 облыс мәслихат	500	500	
5	Ерхатов Аманбай Елеуович	№6 облыс мәслихат	533350	533350	
6	Шаханов Абдилла	№20 облыс мәслихат	47000	47000	
7	Әлімбаев Қасқырбай Әлімбайұлы	№10 Қазалы аудандық мәслихаты	35560	35560	
8	Мамбетжан Қасқырбек Әмірзақұлы	№13 Қазалы аудандық мәслихаты	1000	1000	
9	Мешітбай Денес Кенжебайұлы	№15 Қазалы аудандық мәслихаты	37000	37000	
10	Утеев Мнаждин	№4 облыс мәслихат	372425	372425	
11	Кенжебаев Темірхан Бердалиевич	№18 облыс мәслихат	276555	276555	
12	Аптикалыков Нұрхан Боранбекович	№17 облыс мәслихат	86000	86000	
13	Исмаков Жанкелді Ойыншиев	№28 облыс мәслихат	1 496000	500000	996000
14	Махамбетов Аскар Аралбаевич	№20 облыс мәслихат	1000500		1000500
15	Егембердиев Ерлан Мейірбекович	№28 облыс мәслихат	500	500	
16	Байназарова Райкуль Мансұрқызы	№10 облыс мәслихат	500	500	
17	Нұрымбетов Жорабек Ибрагимұлы	№23 облыс мәслихат	31000	31000	
Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы.					

Жыл басы – аз-Наурыз мерекесі келді. Бүгінде бұл мереке қазақ даласында кеңінен тойланып келеді. Наурыздың мән-мағынасын, оның төл ұғымдарын тереңірек білгісі келетін оқырманға ол жайында кеңірек айтуды жөн санадық.

ІЗГІЛІК ПЕН БЕРЕКЕГЕ БӨЛЕНГЕН

Наурыз – ерте заманда отырықшы түркітілдес халықтарда қалыптасқан, егіншілік ғұрыптарымен байланысты мейрам. Наурыз мейрамы күн мен түннің теңелуіне негізделген, яғни қыстан кейін көктемнің келіп, табиғаттың тірліуі егін егу науқанының басталуы үлкен мейрам болған.

Наурызда күн мен түн теңеледі, жұлдыздар теңеседі, яғни Сүмбіле, Үшарқар-Таразы, Үркеp және Сұлу Сары бір түзудің бойында тізіле орналасады. Есепшілер жұлдыздардың теңесуінен күн мен түннің теңелуін байқаған. Жаңа күннің жарығы мен жылуы қытымыр қысты ығыстырып, жер бетін жылылық жайлап, көк қуалайды. Күн өткен сайын Күн белдеуі (күннің жүретін жолы) жоғарылай түседі.

Есепшілер наурыздың келгенін күн мен түннің теңелгенін жан-жануарлардың қылығынан да байқайды. Қазақтың батыс өлкесінде Наурыздың 14-де сарышұнақ інінен шығады, күн суық болса, іні аузынан ұзамайды, күн жылы болса, ұзағырақтау жерге шығады. Ал тасбақа болса, күн мен түн теңелгенде інінен аузына шөп тістеп шығады. Шөптің аты мөриям шөп деп аталады. Оны еппен алған адам бақытты, дәулетті болады деген сенім бар. Тағы бір ерекшелік этнограф-ғалым Мәшһүр Жүсіптің Бұхар жұртынан келтірген дерегінде күн мен түн теңелгенде, балық аунап түседі.

Алайда күн мен түннің жазығұұұұұұұ теңелуі бар да, күзгі теңелуі (22/24 қыркүйек) бар. Қазақ халқының жазығұұұұұ теңелуге ден қоюы табиғаттағы тіршіліктің жанаруы

мен жасаруы, өсіп-өнумен, өркен жаюымен байланысты болды. Күзгі теңелуде ондай табиғи нышан жоқ. Табиғаттағы жаңару, өсіп-өркендеу, өркен жаю құбылысын қоғаммен байланыстыру “Наурыздың” халықтық тұжырымдамасында ең өзекті идея болды. Бұл қоғамның өсу, өркендеу идеясымен үндес болды. Табиғаттағы үрдістер өздігінен бол-

жол бермеудің, жамандықтан тазаланудың отпін жоралғыланған көрінісі.

Наурыздағы Ұлыстың ұлы күнінде құл мен күнге бас бостандығын беріп, азаматтық құқығын қайтару салты негізінде қоғамды ізгілікке бастау идеясы іспетті деуге болады. Сондай-ақ ұқымдасу арқылы жол бойына ағаш егу, көпір салу, өткел жасау – ізгілікке



үндеу идеясының бір көрінісі.

Наурыз мейрамында ел қауымдасып, бұлақтың көзін ашады, ағаш егеді, арық тазалайды. “Атадан мал қалғанша, тал қалсын” деп тоған бойына, бұлақ басына ағаш егеді. Көпір салады, бұзылған көпірді, жолды жөндейді. Сөйтіп, табиғатқа да, қоғамға да пайдалы іс атқарылады. Адамдар үй-ішін, қора-қопсысын тазартады. Жылы аймақтарда жерді ертеректе омашпен (ағаш соқамен) жыртып, дән егеді.

Адамдар жаңа киімдерін киіп, көрші-қолаң, ағайын-туысты жаңа жылмен құттықтайды. Ұлыстың ұлы күні құтты болсын деп, бір-біріне түзу тілек, ақ ниетін білдіреді. Жасына жас қосылды, жасың құтты болсын деген тілек айтады. Өйткені, қазақта туған күн тойлау деген

болмаған. Ер азаматтар қос қолдасып амандасып, төс қағыстырыс, әйелдер жағы құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады, арнайы даярланған дастарқаннан дәм ауыз тиюге, бірін-бірі жеті дәмнен әзірленген наурыз көже ішуге шақырады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған. Адамдар бір-біріне деген ренішіні кешеді, өкпе қалдықтарынан тазарады, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбакан, тартыспақ, тең көтеру, т.б. дәстүрлі ұлттық ойындар ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

Соған орай адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Ата бейнесі қайта жаңғырады. Қыдыр Атаның ақ күйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінік қалыптасып, Қыдыр түні жеке ыдысты дәнмен, таза бұлақ суымен толтыру жоралғысынан тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады. Сонымен қатар ол жоралғыдан тоқшылық мөнін ғана емес, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымды аңғаруға болады.

Кетік аяқты сындыру, ескі-құскыны, моғал ошақта өртеу, арылу, тазару идеясының жоралғысы деуге болады. Бұл – адамдар арасындағы қатынасты реттеудің, жауласуға

майды. Ол Тәңірдің күллі тіршілік иелеріне жасаған жақсылығы деп ұғындырылды.

НАУРЫЗ БАТАСЫ

***Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Бәле-жәла жерге еңсін!
Күніміз ұлысты болсын!
Жеріміз ырысты болсын!***

Мал сүтті болсын,
Жер құтты болсын.
Іс оң болсын.
Төрт түлік ақты болсын,
Егін түсімді болсын,
Ұлыс береке берсін,
Қайғы-ұйым жоқ болсын!
Қуаныштарың көп болсын!
Әумин!***

Сұрасаң бата берейін,
Үстем болсын мерейің.
Ықыласпен қол жасайсң,
Ақ тілекті төгейің.
Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын!
Қайда барсаң жоқ болсын!
Ұлыс бақта болсын,
Төрт түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жәла жерге еңсін!
Ұлы халқың тоқ болсын,
Койлектерің көк болсын!
Уайым-қайғы жоқ болсын,
Қуаныштарың көп болсын!***

Тасқа тамыр біткенше,
Таршылық көрме.
Мұза бидай өнгенше,
Мұңшылық көрме.
Оң жағасың қарасан,
Алтыннан дiңгек орнасын,
Сол жағасың қарасан,
Күміспен терек орнасын.
Сексен iнген боталап,
Сөзi келiп қолдасын!
Қарт күтiмдi болсын,
Жас жетуiмдi болсын.
Ұлыстың ұлы күнi оң болсын!***

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2010 жылдан бастап 21 Наурызды «Халықаралық Наурыз күні» деп жариялады. Түркітілдес халықтардың көпшілігі Ұлыстың Ұлы күнін бір күнде атап өткенмен, әр халықтың өзіне тән тойлау дәстүрлері бар.

ТҮТЕЛ ТҮРКІНІҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ

Мәселен, Новруз байрамы – туыстас әзірбайжандықтардың ең басты мерекесі. Бағзы заманнан бері бүгінгі күнге дейін мереке күндері шаруалар егіншілік жұмыстарын тоқтатып, салт-дәстүр бойынша көңіл көтерген. Байрамның алғашқы күні таң ата салысымен әзірбайжандарға ояну міндет. Мүмкіндігінше жақын маңдағы өзен-бұлақтарға барып, бір-біріне су шашысып ойнаған. Су – тазалықтың белгісі. Сондықтан жаңа жылда жаңа бақыт әкеледі деген нанымға сенген.

Әзірбайжандықтар ас мәзіріне көп көңіл бөледі. Дәстүр бойынша әрбір отбасы дастарқанға «с» әрпінен келетін жеті түрлі тағам қойған. Әзірбайжаңда наурыз мерекесіне дайындық ерте басталады. Үйлер көркейтіліп, ағаш отырғызылады, жаңа киім тігіледі, жұмыртқалар боялады, тәтті-дәмділер мен ұлттық тағамдар дайындалады. Әрбір үйде міндетті түрде үстел үстінде бидай тұқымынан әдейі өсірілген жасыл өскіндер тұрады, мейрамға дейін төрт апта бойы сейсенбі сайын от жағылып, олардың үстінен балалар секіріп ойнайды, майшамдар жағылады. Бұдан бөлек, дастарқанға айна қойылыпты. Мұның себебін түрліше пайымдаған боларсыз. Дегенмен, ерте замандағы елдердің мифологиясында Жер шары алып өгіздің мүйізінде орналасқаны айтылады. Бір жыл бойында әбден шаршап-шалдыққан өгіз жер бетін бір мүйізбен ескіші мүйізіне лақтырып, орын ауыстырады екен. Дәл осы кезде дастарқанға қойылған айна қозғалып, жаңа жылдың келгенін білдіреді.

Мейрамның алдында туған-туыстар жақын-жуықтарының зираттарына барады. Әзірбайжаңда Наурыз – отбасылық мейрам. Мейрам күні кешке барлығы отбасылық ошақ басында жиналады. Жаңа жыл бай және жемісті болу үшін үстелге көптеген әртүрлі тағамдар қойылады. Мейрам 3 күнге созылады және көпшіліктің серуенімен аяқталады. Адамдар ұлттық киімдерді киіп, халық әндері мен билерін орындайды, спорттың ұлттық түрлері бойынша жарыстар өткізіледі.

Қырғыз тұғандар Нооруз мейрамымен тұспа-тұс дүниеге келген ұл есімін Ноорузбай,



қыз болса Ноорузгүл деп қойған. Бұл күндері әрбір отбасы ақ дастарқан жайып, құрамында ұн, май және құмшекері бар «сумалек» әзірлейді. Мереке қарсаңында адамдар үй іші мен сыртын тазалап, қарыздарынан құтылған. Егер араздасқан адамы болса, татуласқан. Ал мереке күні молшылық болсын деген ырыммен барлық ыдыс-аяққа толтырып сүт, айран және бұлақтың таза суын құйған. Ағайын-туыс пен көрші-қолаң кездескен жерде жақсы тілектерін айтып, жамандық атаулыдан аулақ болуын тілеген. Тұрғындар үстеріне таза немесе жаңа киім киіп, бүкіл ауыл болып жиналған. Онда үлкен өгізді соғымдап, етінен «чон кесе» (үлкен кесе) әзірлеген. Көженін құрамына ет, май, құрш, тұрлы дәнді дақылдар мен ұн, картоп пен басқа да қоспалар кірген. Мұндай көже жиялған қауымның барлығына бірдей жететіндей етіп әзірленген.

Ал Өзбекстанда Навруз мейрамына 15-20 күн алдын дайындала бастайды. Арықтарды қоқиқастан тазартып, ағаштардың түбін әктейді. Әр махалля (көше, ауыл) өз шайханасында тойлайды. Сондай-ақ, көршілес шайханаларға да барып, көңіл көтерген. Мейрам қарсаңында арнайы, тек осы мереке кезінде ғана әзірленетін тағам түрлері – «сумалек» пен ханпалау. Ел бастысы, өзбектер де қазақтар сияқты бұл күндері қайырымдылық шараларын кенінен өткізуге қатты көңіл бөледі. Үйсіз-күйсіз жүрген адамдар мен жетім балаларға көмек көрсету үлкен сауап деп ұғынады.

Иранда Наурыз мейрамынан қасиетті заман, өмірге келу, өсіп шығу, мәдени қаһарман, тазару элементі сияқты мифологиялық қырлар байқалады. Ирандық данышпан Омар Хаям өзінің «Наурызнама» атты кітабында наурыз күнтізбегінің негізін Жәмшид қалады деп, аты аңызға айналған осы қаһарманның ізін тарихи рауаяттарға түсіреді. Олар Наурызды көктемнің алғашқы күні деп біліп, оның келуін егжей-тегжейлі символикалық рәсіммен тойлайды.

Бауырлас тәжіктер Наурызды достықтың кілті және тіршіліктің оянуы деп санайды. Оны «Хадир айнама», яғни «үлкен мереке» деп атайды. Тәжікстанда да Наурыз дайындығы басқа түркітілдес елдердегідей бірнеше апта бұрын басталады. Наурыздан бір апта бұрын балалар көктемнің келе жатқанын «Іол гардани» рәсімін өлеңетіп орындау арқылы білдіреді. Бұл рәсімде балалар таныстарының үйлеріне көктем гүлдерін апарып, үй иесі оларға сыйлық беріп, сый-сыпат көрсетеді.

Ұлыс мейрамы Түркияның түкпір-түкпірінде «Сұлтан Наурыз», «Наурыздың тоғысы», «Наурыздағы мұз бұзылысы» және тағы да басқа атаулармен тойланып отыратын. Оңтүстік Анadolияда 22 Наурыз – «Сұлтан Наурыз» деп аталады. Жергілікті халықтың сенімі бойынша күн теңелетін түні белгісіз уақытта аяғындағы білезікті сыңғыратып, кесте токи отырып, ғажап ауыз құыз бастыстан шығарса қарай аспанды кесіп өтеді. Кейбір аңыздарда құс киімін киген жігіт деп те айтылады. Жергілікті халық арасында «Сұлтан Наурыз» уақытын көрген адамдардың тілегі қабыл болады деген сенім қалыптасқан.

Ауғанстанда жаңа күнді ұлықтау үшін үстеріне жаңа ақ түстен тігілген киім киеді. Олар дастархандарын тәтті-дәмді тағамдарға толтырып, «Нафр син» дастарханын жады. Қаланың сыртындағы арнайы алаңдардағы табиғат аясында көңіл көтеріп, шаттыққа бөленеді. Күрес, ән айту, халық билерін орындау, әтеш төбелестіру сияқты көңіл көтеретін шаралар осы күні орындалатын рәсімдердің қатарына жатады.



болғандықтан, қауқарын қайтпасын деген ілтипатпен оны үлкен кісілерге ұстатқан.

БАС ҚИМДІ ЖЕРГЕ ТАСТАМА

Бас киімді жерге тастай салуға болмайды. Бас киімінің орны биікте. Бұлай

БАС ҚИМДІ ЖЕРГЕ ТАСТАМА

Бас киімді жерге тастай салуға болмайды. Бас киімінің орны биікте. Бұлай

БАС ҚИМДІ ЖЕРГЕ ТАСТАМА

Бас киімді жерге тастай салуға болмайды. Бас киімінің орны биікте. Бұлай

БАС ҚИМДІ ЖЕРГЕ ТАСТАМА

Бас киімді жерге тастай салуға болмайды. Бас киімінің орны биікте. Бұлай

БАС ҚИМДІ ЖЕРГЕ ТАСТАМА

Бас киімді жерге тастай салуға болмайды. Бас киімінің орны биікте. Бұлай

ӘЖЕМ АЙТҚАН ЕРТЕГІ

Сейсенбі күні А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде “Әжем айтқан ертегі” атты облыстық байқау болып өтті. Қала мен барлық аудандардан немересін жетектеген 11 әже қатысты. “Наурыз-дәстүр” деген айдармен ұйымдастырылған шара халқымыздың салт-дәстүрін, жөн-жоралғыларын қайта жаңғыртуда негізделген. Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен “Қазақстан-Қызылорда” телеарнасы мұрындық болған байқау 4 кезең бойынша өтті. Өуелі “тегін блуді тектілік” санаған ақ жаулықты әжелер немерелерімен бірігіп, өздерін таныстырды. Сахнаға бірі домбыра, баянмен әндетіп шықса, келесілері театрландырылған шағын көрініспен ойларын жеткізді. Ал екінші кезеңде әжелеріміздің ертегі айту шеберлігі сыңға салынды. Немерелерін әлди жырыммен тербеп, ертегімен сусындатқан олар бүгінгінің әжелері де ертегі айтатындығын тағы бір дәлелде



Өлкеме Наурыз келді, көктем келді, Құлтырын, гүлге орап көк пен жерді.

Ел Тәуелсіздігімен қатар ұлттық құндылықтарымыздың негізі салт-дәстүрлеріміз, ұлттық ойындарымыз да қайта оралып, қазақтың қанына сіңген бұрынғы әдетіне бой ұрғандығы адастырмас ескі сұрлеуге түскен секілді сенім ұялатады. Бұл, әрине, көңілді тоқ санатып, қуантады да. Ұлттымыздың ерекшелігін байқататын ұлттық ойындардың бірі – көкпар. Қазақты қашанда жылқы мінезес

тар екендігі мақтанш. Бізге республикаға белгілі шабандоз, бірнеше мәрте жүлдегер атанған, Ұлттық «Тенге алу» спортының облыстық сайысының жеңімпазы Серік Мырзабаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Ауыл баласы малға үйірсек келеді ғой, өйткені, тіршілігіміздің бәрі осы төрт түлік, атақәсіпке қатысты. Тайға мініп, қозы-лақ қайырыспаған, ара-арасында ескі күпәйкені көкпар етіп

қай-қайсысы да шебер спортшылар санатында. Ат құлағында ойнап қана қоймай, жердегіні іліп, доданың сытылып шығып кете беретін өзге де командаластарымыз жетеді, – деп өз пікірін қосты. Әрине, мұнысымен келісеміз, солайына солай. Әйтсе де, шеберліктің аты қашанда шеберлік!

Облысымыздың көкпар құрамасы үстеміздегі жылы сәуір айының 10-ы

КӨКПАРШЫ

деп жатады, рас шығар, тазалықты серік етіп, әрдайым сергек жүруі, қуса жетіп, қашса құтылар әбжілдігі де сол ұқсастықтың белгісі десек, артық емес-ау. Салмағы 30-40 келі серкені тақымына басып, ытырыла шабу, қарсыласына ұстатпау мақсатында олай-былай бұлтартуға да әбжілдік, күш-қайрат, бастысы ақыл керек. Республика бойынша бірнеше жылдан бері өткізіле бастаған көкпар спортында Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының шабандоздары өзгелерден оқ бойы озық жүрсе, олармен астаналықтар мен алматылықтар да кейінгі жылдары үзенті қағыстыруға жарап қалды. Шығыс Қазақстан облысының шабандоздары да ірілігін аңғартқандай. Сонау Маңғыстау облысында көкпаршылардың арнайы спорт клубы құрылып, тартысқа түскен серкенің сирағынан оңайықпен айырылатын емес. Әрине, өзіндік дәстүрі қалыптасқан Сыр бойының шабандоздары сен тұр мен атайындар аламанға түскен жарыста шаң қауып қала алмайды. Облысымыздың көкпар құрамасы соңғы жылдары жоғарыда аталған командалармен шендесетіндей биіктікке көтерілді. Мәселен, өткен жылғы Жаңақорған ауданында өткен соңғы республика біріншілігінде Қызылорда облысының шабандоздары екінші орынға тұрақтады. Бұл, әрине, үлкен жеңіс!

Аламан көкпарда жеңістің қолдан суып кетпеуіне аяңбай тер төккен 12 спортшының қай-қайсысын да мақтан тұтып, төбеге көтеруге болады. Өйткені, облыс құрамасының аға бапкері Исламхан Бұланбаевтың шәкірттерінің барлығы шетінен сайыпқыран, жампоздар. Облыс құрамасының жүгін көтеріп, намысын қорғап жүргеннің барлығы да оның жерлес інілері, жаңақорғандық азамат-

тар екендігі мақтанш. Бізге республикаға белгілі шабандоз, бірнеше мәрте жүлдегер атанған, Ұлттық «Тенге алу» спортының облыстық сайысының жеңімпазы Серік Мырзабаевпен сұхбаттасудың сәті түсті.

– Ауыл баласы малға үйірсек келеді ғой, өйткені, тіршілігіміздің бәрі осы төрт түлік, атақәсіпке қатысты. Тайға мініп, қозы-лақ қайырыспаған, ара-арасында ескі күпәйкені көкпар етіп



мен 17-сі аралығында Талдықорғанда өтетін Қазақстан Республикасы біріншілігіне дайындық үстінде. Біздің кейіпкеріміз белгілі шабандоз Серік Мырзабаев өз серіктерімен тәулігіне екі мәрте шеберлік шындайды. Жаттығуда қанша тер төгілсе, соңшалықты нәтиже берері де спорттың белгілі қағидалы. Олай болса, жерлес спортшыларымызға сәттілік тілейік. Аттарың сүрінбей, қарларың талмасын. Салымдарың мол болсын!

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы,
Қыркенсе ауылы.



ҚАЗАҚ ҚАДІР ТҮТҚАН ҚЫРАН ҚҰС

Саятшылық өнер қазақ даласында бағзы кезеңдерден бері қалыптасып, дамығаны белгілі. Ата-бабамыз қыран құсты «Дала сермендесі», «Көк тәңір», «Аспан еркесі», «Құс патшасы», «Қанаттылар ханы» деп әспеттеген. Тарихи деректерге сүйенсек, Жошы ханның 3 мың бүркітшісі болған. Бүркітті екі түрлі жолмен ұстайды: біріншісі – балапанын ұядан алып, қолдан баулу. Ондай бүркітті қолбала дейді. Екіншісі – бүркітті тағы күйінде ұстап үйрету. Бұлар – тіріек, тастүлек, мұзбалақ сияқты түз құстары. Бүркіт балапанын жем беру арқылы баулиды. Тұғырға отыруға жарасыммен томаға кигізіп, балақ бау тағып, қолға қондыра бастайды. Ұшпаға жараған кезде етке қант бүркіп, қоян, түлкі, қарсақ сияқты аңдардың терісіне орап, шыжым жіппен сүйретіп жүріп жегізеді, мұны «шығра тарту» дейді. Алдымен жас бөлтірік, көжек, түлкінің күшігі сияқты әлсіз аңдарды тірдей шоқытып ауыздандырады. Бұл – құсты «аңға баулу» деп аталады. Ал түз құсын ең алдымен томағалайды да, ыраққа отырғызады. Ұйқыдан қалжыраған бүркіт бірте-бірте адамның ыңғайына көне бастайды, сол кезде қолдан жем беріп, дыбыс шығарып, басынан, қанат қырынан, арқасынан, жемсауынан сылап-сылап үйретеді.

Түз құстарын алу-алыс күннен кейін ұшырып, ұсақ аңға салады. Бүркіт біршама қонды, жемге шабытты, сергек күйде болу керек. Сондықтан әр бүркіттің тегіне, қырандығына, жасына қарай әр жағдайда берілетін жемдері болады.

Ал наурыз, көкек айларынан бастап, бүркітші құсты тойғызға жемдеп түлекке отырғызады. Ол бүркіт алатын аңдардың жатағын, өрісін, ізін танып, білетін байқамаз да болады. Аңға шығарғанда бүркітшінің жанында аяқ бау, балақ бау, тұғыр, балдақ, томаға, сапты аяқ, биаял, жеңсе бұрау (түлкі бұрайтын айыр бас шыбық), жем қалта, шыжым, пышақ, ине, тарамыс, бөлеу (бүркіт бөсігі) сияқты қажетті жабдықтары болады. Бүркітші саятшылыққа бірнеше кісімен шыкса, оны салбурынға шығу дейді.

Бүгінде осы өнерді, ұлттық саятшылық дәстүрімізді ұмыт қалдырмай, өркендету тәуелсіздігімізге қажет. Сонда ғана бойымызда далалық рух сақталады. Орайы келгенде айта кетейік, бүркітшілік кәсібі қазіргі таңда Сыр өңірінде қайтадан қанат жайып келеді. Ақпан айында Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданындағы Илантау баурайында «Сонар-2016» жарысы өткен болатын. Оған Атырау, Ақмола, Көкшетау сынды сегіз аймақтан жиналған 45 құсбегі екі күн қырандарының қырағылығын халыққа көрсетті. Бүркітшілер бәсекесінде 15 жастағы қызылордалық Сармат Абдулқаримұлы қырағы қыранымен өзгелерден қара үзіп шықты. Ал ақпанның аяғында Жамбыл өңірінде өткен долада ең жас құсбегі Сармат екінші орынды еншіледі.

Мінекей, бекзат өнерді өрге сүйреп жүрген жігіттерден бөлек қыранын қолына қондырған балалар да жарыстарда олжа салып жүр. Осындайда қазақ қадір тұтқан қасиетті қанаттының қадірі қашпайды, саятшылық өнер өрлейді дегіміз келеді.

Дәурен ОМАРОВ.



ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ – дала математикасы

спорт шеберлері тоғызқұмалақты төртқұл әлемге танытқан кәнігі сайысшылар. Ал осы ойынның екі дүркін Әлем чемпионы, үш дүркін Қазақстан чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Хәкімжан Елеусінов бүгінде тоғызқұмалақтан жастар және ересектер арасында облыстың бас жаттықтырушысы қызметін атқарады.

– Әлемде тоғызқұмалаққа ұқсас 400-ге жуық ойын түрі бар екен. Мәселен, Африкадағы Уганда елінің омвесо деген ұлттық ойыны бар. Оның тоғызқұмалақтан ерекшелігі отау саны – 32, бірақ құмалақ саны – 64. Осы ойынды ұғандықтар әлемдік интеллектуалдық ойындардың қатарына кіргізіп, одан жыл сайын біресе Америкада, біресе Англияда олимпиадалар өткізеді, – дейді Х.Елеусінов. Ал белгілі тоғызқұмалақ маманы Мақсат Шотаев қазір бұл ойын ғаламтор арқылы жедел дамып келе жатқанын айтады.

Неміс ғалымдары тоғызқұмалақтың 4 мың жыл бұрын Қазақстан мен Қырғызстан аумағында тұрған тайпалардың ойыны болғанын айтады. Ертеде тоғызқұмалақ күндардың әскери-танымдық ойыны болған-мыс. Моде хан басқарған кезінде зердегер ойынды «Орда» деп атаған екен. Кейіннен «Қойшылар алғөбрасы», яғни, малшылар математикасы деп те аталған. Себебі, тоғызқұмалақты ертеректе ауыл қойшылары жайлауда жиналып, қойдың құмалағымен ойнайтын болған. Ойынның аса бір өзіндік ерекшелігі күрделі құрал-жабдықтарды қажет етпеген. Бұрын ойыншылар жерді қазып, ойын талтасын дайындаған. Бұл ойынның халық арасында кеңінен таралуына толық мүмкіндік туғызды. Алғашқы кезінде тоғызқұмалақ ойыны үш отау, бес отау, жеті отаулық шағын үлгілері болған. Ал қазіргі үлгісі 1948 жылы қалыптасты.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.



БӘЙГЕТОРЫ БАПКЕРІ

Еселі еңбегімен ел сыйына бөленген ерлері мол Шиелі ауданында ат бағатындар, сәйгүлік баптағайындар қатары баршылық екен. Ал аймақ түгелі республика көлемінде небір жүлделерді қажығасына байлаған бәйге аттары ды осында. Сонау тоқсаныншы жылдары атсейіткімен аты шыққан Орынбай, Әуесхан есімді бапкерлердің аты дүркіреп тұрды. Олар бәйгеге қосқан тұлпарлар қырга салса, өрден озып, автокөлік тіккен бас бәйгелерді Шиеліге әкеліп жатты. Ұлы Абайдың 150 жылдық тойында бас бәйгені талалық алған «Ызғар» қандай мақтанш еді. Ұлттық ат спортына қызығып, атсалысып жүрген облысқа белгілі азаматтың бірі – Оразәлі Байділда! Орекеннің «Гуайһартас» атты таза ағылшын қанды сәйгүлігі соңғы оншақты жыл аралығында он бас бәйгенің алдын бермей, 10 автокөлік ұтыпты. Сондай-ақ, «Сыр сұлуы» тұлпары, «Үміткер», «Тойбастар» атты сәйгүліктері талай мәрте олжа салды. Бұл, әрине, үлкен жетістік!

Осы бәйге аттарын соңғы оншақты жыл көлемінде Ержан Шайраков есімді жас жігіт баптап келеді. Оның қарауында қазіргі өзінде 10 тұлпар ауыздығын шайнап, дүбірге құлақ түріп тұр. Ордабұзар отыз жасқа да ілінбеген атсейіс жігітімізді аттарын баптап жүрген құмшауып бойынан таптық. Бір сәйгүлікке мініп, екіншісіне жетектесіліп, терін алып жүрген беті көрінеді.

– Әр аттың өз ерекшелігіне қарай күтім жасалады. Әрине, бәйгеге шабатын ат зүелі таңдалады. Кеудесі кең, сауыры биік, тұяғы нық, құлағы тік болып келетін көптеген шарттары бар. Оларға таңдау осылай жасалады. Сонан соң аттың жілік майын толықтыру үшін екі ай бойы жем-шөпті молынан беріп, күтімге алу керек. Түрлі қоспажем берілетіндігі де осы қатарда деп түсіншіз. Ат барыныша семіріп, толыққан соң, тағы да екі ай бойы күніне 2 шақырымынан бастап, 6 шақырым мініске аламыз. Бұл қон еттің тарауы үшін қажет. Онан соң желуден бастап, күнделікті терін алу уақыты басталады. Біртіндеп жаттығу аясын молайтып, күніне 5 пен 25 шақырым арасында шауып отыру басталады. Осылай оларды үнемі бабында сақтау керек. Қатысатын бәйге хабары тиген кезде әрқайсысының ерекшелігіне қарай жеке күтім жасалады. Суарудың да өзіндік тәртібі бар. Терін алған соң оның орнын толтыру үшін түнгі сағат 12-ден кейін су береміз. Жылқы малы қашанда тазалықты сүйеді. Сондықтан олардың тұратын орындары таз, ішетін суы мөлдір, жемдері арнайы ыдысқа салынған сапалы болуы тиіс. Осы жағдайларды жасап бағамыз. Нәтижесінде өткен жылдың өзінде жеті- сегіз бәйгеде жүлделі орындардан көріндік, – дейді ат бапкері.

Ержан Шайраков он жасынан бастап ат бапкері Орынбай көкесінің қарамағында бәйге аттарына шауып жүрді. Талай бәйгеде тұлпардың терін алып, көзін сүртіп олжа салған жеткіншек. Берінде ат бапкерлікпен шұғылдана бастады. Оған кезінде ағасы Нұржан да көмектесті. Бұл күндері Нұрбақыт, Гани, Талғат есімді жастарды жанына алған кейіпкеріміз он тұлпардың бабын тауып, жағдайын жасайды. Біз кезіктіргенде «Кептер» аталатын тайды алдағы бәйгеге дайындау үстінде екен. «Бұл бұдан тұқым, болашағы зор!» дейді ол.

Иә, ат баптау қиын да қызықты өнер. Бәйгеде топ жару аймақтың атын шығарса, оның қамшысы ар-намыс деп түсіндік.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі ауданы.



КИЕЛІ ӨНЕРДІҢ КӨШІН ЖАЛҒАҒАН

Алдына биік меже қойған әрі оған жетуге талпынған жігерлі жан қандай тенеуге де дайынты. Тағдырдың сынағына мойымаған, қайта жолында жолыққан кедергілерді бұзып-жарып өткен рухы асқақ адамдарды көргенде бойыңды өмірге деген құштарлық сезімі керейді. Әрі оларды күнделікті күйібен тіршіліктің болмашы қиындығынан бордай үлгілетін кейбіреулерге үлгі етуге тырысасын. Бүгінгі мақаламызға арқау қылған I топтағы көз мүгедегі Шайхы-Ислам Мағуанияұлы дәл осындай азамат.

Шайхы-Исламның дауыс көңілі естілді. Мерекемен құттықтап, талабына сәттілік тіледі. Ол да ізетпен жауап қайтарды. Ойыма ертедегі шығыс ғұламаларының «даманың мінезі, тәлім-тағалымның дауысынан ажыратуға болады» деген даналығы оралды. Шайхы-Исламның да қоныр үні оның бауырмал табиғатын, ісіне мығымдығын паш еткендей. Гілдеке келе біраз жайтқа қанықтық. Есімі Сыр өлкесіне таныла бастаған жас зергерден естіген қызықты деректеріміз оның естігенін көкірегіне тоқитын зерделі жас екендігін дәлелдей түсті.

Шайхы-Исламның есімін есімі Мағуания ұлттап алып қойыпты. Ұғымы «Ислам ғылымының ғұламасы» дегенді ұқсайды. Мұның да өзіндік сыры бар. Мәкеңнің әкесі Абдулла Қосым қожаның ұрпағы, Піркен ишаннан дәріс алған білімдар адам болыпты. Жалындаған жастық шағында атақты Асан көтерілісіне қатысқан Абдулла біршама қиындықтары басынан өткеріпті. Амалсыздан Қарақалпақстанға ығысқан шағы да кездесіпті. Дінді апынға тейейтін Кеңес өкіметінің тұсында Меккеге қажылыққа барып парызын өтепті. Бұл үшін шолық белсенділерден қаншама қажажу көргенмен, иманына дақ түсірмеген Абдулла атаның ұрпақтары да адалдықты, адамгершілікті түіп етіп көтерген.

Шайхы-Ислам Мағуания мен Базаркүлдің үш перзентінің кеңжесі. Әрбір кәсіптің өзіндік құпиясы, қазақша ұғыммен киісі болатыны анық. Бауыр етінен жаралған құлынына қонған сырға толы өнерге әке-анасының да айтар шүкіршілігі мол. Шайхы-Ислам алғашқыда Қарақолдін сазынан түрлі мүсіндер жасауды қолға алды. Небәрі алты жасқа қалам басқан бөбектің елті саусақтарынан әзірленген төрт түліктің бейнесі көргендерді қайран қалдырыпты. Әсілі қазекеннің табиғатына төрт түліктен етене не бар дейсіз? Десе де, шаңырақ мүйізді сиыр, жалы төлген арғымақ, қос өрмеш баладай түйе, қой-ешкі сұлуысы кім-кімнің де қызығушылығын туындатты. Бөбегінің талабын


алдымен қолдаған, қанаттандырған Мағуания мен Базаркүл болды.

Шайхы-Ислам ермексизден мүсіндер жасауға көшті. Жылдар жылжыған сайын шеберлігі шыңдалды. Осындай күндердің бірінде Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Құдайберген Құлманбетов ағасымен жүздесті. Атақты зергер бұған білгенін үйретуден тартынбады. Тәңір берген талантына енді тәжірибе қосылды. Ағаштан, мүйізден түрлі бұйымдар дайындады. Зергерліктің қыр-сырын меңгеруге қанықты. Күмістен алқа, сырға, сақина, білезік дайындалды. Бойла бар тектілік текке кетсін бе? Манғаз даланы қанып тоғип қорғаған батыр бабаларының құрметіне наркескен қылыш жасалды. Шебердің сол күнгі толғанысын сөзбен жеткізу әсте мүмкін емес. Құлағына даусы жер-көкті тігіреткен аруақты ерлердің атойы, тұлпарлардың кісінегені шалынғандай болды. Бәлкім тылсым дегеніміз осы шығар.

Шайхы-Ислам Мағуанияұлының киелі кәсіп жолындағы қадамы жемісін беруде. Ол республикалық мүмкіндік шектеулі жандар арасында өткен конкурста «Үздік жасампаз» аталымын жеңіп алды. Аудан, облыс, республикалық көрме-конкурстарда бірнеше мәрте топ жарды. Мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіпкерлік белсенділігін қолдауға бағытталған «Жұлдыздарға қара» қайырымдылық байқау жобасының аясында қайтарымсыз грант, облыс әкімінің «Сыр үміті» сыйлығын иеленді. Бастысы Шайхы-Исламның мақсаты айқын. Ол – ұлттық коллоеріміздің келешегін кемелдендіре түсуге үлесін қосу. Талабын өрге жүзсін, зергер!

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.





Халқымның салт-дәстүрін аялаған, Арманы асқақтады көптен бергі.

Шілдехана, бесік той, тұсау кесер, сүндет той секілді дәстүрлер ұлтымыздың ұрпақ жалғастығына аса мән беретінін байқатады. Нәресте өмірге келгеннен кейін, қырықтан шыққан соң бесік тойы жасалады. Бесік тойға сәбидің өз жұрты, нағашы жұрты, алыс-жақын ағайындары, көрші-қолаң келеді. Жас нәрестенің қуанышына жайылған

зылмайды. Салт жоралғысы жасалып болған соң нәрестеге көпшіліктің назары аумауы үшін бата берілгеннен кейін, сарқыт алып тарқасады. Мұндайда бесікке салу тойына қатысқан қыз-келиндерге жұғысты болсын деген ниетпен сакина, білезік, жүзік таратылған. Ал, бесікке салынған кісіге ерекше сый-сияпат көрсетілген. Мәселен, қала

секілді, – дейді Балкия әже.

Ал осы мақаланы дайындау барысында біз қаладағы Қалжановтар отбасында болдық. Себебі өмірге келген Айшаның шілдехана тойына қатысқан болатынбыз. Жалпы шілдехана тойы баланың өмірге келуіне орай ұйымдастырылады. Оған адамдар шақырусыз келеді. Бұл салтты еліміздің кейбір өңірлерінде «шілделік» деп те атайды. Үйге келгендер ескітен «Перзенттің бауы берік болсын» деп енген. Шілдехана сөзінің мәнін ашатын болсақ, парсы тілінде «қырық» сөзінен шыққан. Шілдехананың көне атауы «шілде күзет» болған. Ол туылған баланы қырық күн бойы күзету дегенді білдіреді екен. Қазақ халқының әдеп-ғұрпында бала өмірге келгенде сүйінші сұралады. Егер қыз бала келсе, «көйлек тігер немесе сауыншы», ал ұл бала келсе «ат ұстар немесе жылқышы» деп хабарлаған. Жас келін босанғаннан кейін үлкендер жағы мал сойып, қалжа жетізеді. Таза мүжілген омыртқаны биікке іліп қояды. Ондағы мақсат туылған нәрестенің мойны тез бекіп, таза ниетпен өссін дегенді білдіреді. Сонымен қатар ер баланы отыз күн, қызды қырық күннен аса суға түсіріп, денесін сылап, бұныларын сөздей. Шілдеханада салмақты, өмірі оңетеге толы, жасы үлкен ер кісі балаға бата береді.

Бүгінде бұл салттар заманауи үлгіде өріп келеді. Шілдехана тойы мен бесікке салу қосылып та жасалып жүр. Рәсім де өзгеше жасалып жатады. Сонымен Айшаның шілдеханасына жиналғандар сәбиде жаксы тілектер арнап, жайылған дастарханнан дәм татты. Содан соң көптің күткен рәсімі де жасалды. Айшаның нағашы жұрты ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген, жабуы сәнді тігілген бесікті көпшіліктің ортасына қойды. Бесікке көрмдік сұралған соң, бесікке салар басталды.

Міне, ертелең келе жатқан ұлттық салт-дәстүріміз, әдеп-ғұрпымыз осылайша өз жалғасын тауып, түрленіп, жаңғырып келеді.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.



АҒЫЛШЫНША ӘН АЙТАТЫН ӘЖЕЛЕР

Қашаннан қазақтың қандай мерекелік кеші, жиынтый болсын ән, бисіз өтпейді. Кәсіби өнепаздарды былай қойғанда қарапайым әжелеріміздің өзі «Әу» демеітін қазақ жок» деп, шырай жөнеледі. Өз ортасының сәнін келтіріп, шырайын ашып отырады. Сондай ақ жаулықты аналарымыздың бірі – «Жан шұақты әжелер» ансамблі. Сырдария ауданы Бесарық ауылының өнерлі әжелері 2007 жылдан бері көпшіліктің ерекше ықыласына бөленіп келеді. Бастарынан қимешегі, үстінен қазақтың оюлы қамзолы түспеген олар кейінгі жастарымызға үлгі. «Ах, Самара, городок» деп ән шырақанда олармен қосыла тербеліп, әндетпейтін жан кемде-кем. Қазаққа тән қояр да сазды, құлаққа жағымды дауыстарымен өзгелерден ерекшеленіп келетін олар осыған дейін де талай байқауларда жүдделі орындар алған. Осылайша өнерімен көпшілікке танылған әжелер телевизиялық бағдарламаларға да қатысқан.

«Жан шұақты әжелердің» құрамында бүгінде 12 адам бар. Топ мүшелерінің ең жасы 56-ға толса, үлкендері – 73 жаста. Олар өздерінің шырақ, әрі сұлу болуының сырын көпбалалы ана атануымен түсіндіреді. Әжелеріміз келіндерге бұнысымен ғана емес, аспаздығымен, ұлттық

салт-дәстүрімізді ұстанатын қазақилығымен де үлгі. Қүбі пісіп, құрт жаю, текемет басып, түс киз жасау олардың дағдылы әдеттеріне айналған. Ал мұндай сәтте де әуелеген ән үзілген емес.

Әнші әжелеріміз бүгінгінің жұлдыздарындай дауыстарын да баптамайды. Барлығы да ерекше дауыстарын «анамыздың сүтімен бойымызға сіңген, табиғаттың берген сыйы» деп біледі. Дегенмен, эстрада әншілерінен кем түспейді. Олай дейтініміз, ансамбль репертуарларында қазақтың халық әндерінен өзге орыс және ағылшын тіліндегі әндер бар. Ал мереке қарсаңында олар арнайы ағылшын тілі маманынан сабақ алып, Наурыз күніне арналған өлеңдерін көпшілікке паш етті. Қазақ әжелерінің бұл жаңашылдығы көпшілікті таңалдырды десек болады. Әжелеріміз осылайша өз әндеріне жастарды да елітіп әкеліп, тыңдармандарының қатарын еселеді. «Жан шұақты әжелер» бұнымен шектеліп қалмақ емес. Жастарының ұлғайғандығына қарамастан, апта сайын дайындықтан қалмайтын олар репертуарларын одан әрі толықтыра түспек.

Мөлдір ТОҚТАСЫНҚЫЗЫ.

СЫРЫ ТЕРЕН САЛТЫ БАР

дастарханға үлкендер ақ батасын беріп, дәм татады. Бесікті нәрестенің нағашы жұрты әкеледі. Сән-салтанатпен жасап, шашу шашып кіреді. Бесікке көрмдік беріледі. Сонымен қатар түрлі ойындар ойналып, «Гойбас-тар» әні шырақалады. Ақсақалдар ұлағатты әңгімелерін айта, әжелер жас келіңге бала тәрбиесіне, күтіміне байланысты ақыл-кеңестерін береді. Сонымен ас ішіліп болған соң, баланы бесікке бөлеу рәсімі орындалады. Алдымен бесікті адыраспамен алас-тайды. Бұл рәсім діни ұғым тұрғысында бесікті пәле-жаладан тазартады деген сенімді білдіреді. Ал, бастысы нәрестені бесікке бала өсірген, немесе көпбалалы аналардың біріне салдырған, бесікке салушы барлық жабдықтарды өзіне ыңғайлы етіп дайындап алған соң, келген қонақтарды шақырады. Шашуға әзірлен қойған қант, тұздар, құрт және күміс ақшаны ұстап бесіктің түбегінен төмен шығарып тастайды. Ондайда жиналған әйелдер қауымы қолдарын тосып, «тыштыма» деп алады. Шашу үлестіріліп болған соң бесікті отпен аластап шығады. Сондай-ақ, әжелер бесіктің арқалығына қырандай көреген болсын деп бүркіттің тұяғын бай-лайды. Көзден сактасын деп тұмар тағалады. Сұлу болсын деп басына айна, тарақ қояды. Баланы бесікке бөлеген соң даусы жақсы бір келіншек бесік жырын айтып, нәрестені баяу тербетіп отырады. Бесік той ұзаққа со-



ла- ны бесікке салуға қолқа салып жатады. Казіргі таңда жиырмадан аса сәбидің бесік тойына қатысып, бесікке салу салтын орындадым. Ол балалар да менің өз немерем



ӨРНЕКТЕН ОЮ ТҮЙГЕН

Халық қолынан іс келетін адамды «он саусағынан өнері тамған, қолының еп-себі бар» деп атайды. Шыңдығында әркімнің әр нәрсеге бейімі, ыңғайы болады. Қармақшылық Жадыра Терекқызы да жастайынан киім тігуге, көнені жанартуға құмбыл тұратын. Қызылорда мемлекеттік университетінен жеңіл және тоқыма өнеркәсібі оқытушысы, яғни инженер-педагог мамандығын алған оның алғашқы еңбек жолы 2005 жылы Қармақшыдағы «Жұлдыз» балабақшасында тәрбиешіліктен бастау алды. Бес жылдай бүлдіршіндер тәрбиесімен айналысқан Жадыра содан кейінгі біраз уақытын №105 мектеп оқушыларына еңбекке баулуға жұмсады.

бүлдіршіндерге ыңғайлы бала киімдерді тігеді.

Өз кезінде әжесі Күнтай мен нағашы әжесі Қарашай да айналасына танымал шебер болған. Ауылдастарына қарақол елтірісінен, түлкі терісінен қалың қыстық шапан, құндыз бөрік, сырмақ бешент, қамзол, көйлек тігетін. Ауыл әйелдерінің асарлауып, көрпе, көрпеше тігетіні, жүн түтіп, киіз басатыны, арнайы басылған киізден киіз үй тұғырлығын, шаңырақ түңдігін тігетіні өз алдына бір төбе. Олардың ортасында қос әжесінің жүрегін тағы бар. Әсіресе нағашы әжесінің шеберлігі ерен еді. Жадыраны қасына алып, құрақ құрауды, шымылдық, перде, ер, әйел көйлектерін тігуді үйретті. Әңгіме айтып отырып, қолы қолына жүктей іс тігетін ісмер әжесінің ер қимылына таңғалатын еді. Оның әр әрекетін, құрағының түр-түсіні жадында сақтауға тырысатын еді.

«Шәкіртсіз ұстаз тул» демекші, Жадыра Құлмырзаева өзінен тәлім алып, өз алдына тірлік етіп кеткен шәкірттерін мақтаншып етеді. Қазір өнерді үйренуді мақсат еткен Толғай Дәрібаевағы тігіншіліктің құр-сырына қанықтырып жүр. Оның іс-деген ықыласы, ізденісі, өзіндік талпынысы ұстаз көңіліне қуаныш ұялатады. Сонымен қатар тігіншілікке ден қойған колледж студенттерін ықыласпен тәжірибеден өткізіп, олардың ісмерліктерін түрлі жолдармен меңгеруіне мүмкіндік жасап келеді.

Жұмыс түрі сан алуан, қаншама адаммен жүздессе, соншама мінез барын бағамдаған Жадыра олардың әрқайсысымен ортақ тұл табысуға ұмтылады. Бірі үшін қаладан барып, арнайы мата, түрлі әшекей бұйымдарын әкелуі, тағы бірін келіскен уақытта бітіруі үшін үзіліссіз жұмыс істеуі, оның арасында үй тірлігімен айналысуы, үш баласы мен отағасына қамқорлық жасау қажеттігі туындайды. Арасында Қармақшыда тұратын енесінің жағдайын біліп, үлкен кісінің қалағанын орындауы да керек. Осының бәрине де үлгіруді мақсат еткен Жадыраның жұмысы тынымсыз, уақыты санаулы. Өйткені, берген тапсырысын келіскен уақытта орындама, тұтынушының өзіне деген сенімі селдірері хақ. Со- сыны келер жолы басқа шеберге бұрылып кетуі де ғажап емес. Сондықтан өзінің мінісі қызметі, жылы жүзі, ашық қабағымен келушілерді баурап алуы шарт. Олай болса бәрі де сәтті жалғасары анық. Жадыра тұтынушылармен барынша сынық байланыс орнату табысқа бастайтынын шәкірттерінің сана- сына құйып та келеді. Өзінің сыйайы мінез-құлқымен оларға үлгі болып та келеді.

Жұмағұл ОРАЛБАЕВА.
Тасбөгет кенті.

Өмірде бәрі де өзгереді. Ұстаздығын жемісті жалғастыруына әбден болатын еді, оған мүмкіндігі де молды. Бірақ Жадыраны адамдарға қызмет ету, біреудің киімін өлшеп, пішіп, тігіп беру, енді біреуге әсем үлгідегі киім ұсыну тартта берді. Содан Алматы қаласына барып, біршама уақыт тәжірибе жинақтап қайтты да дүкеннің бұрышынан бір тігін машинасымен жұмысына бастады. Бірінен бірі естіп, адамдар келе бастады. Бірі ұзын киім қысқартып, тарылтқысы, енді бірі тар киімді кеңіткісі келеді. Кен киімді тарылту оңай, ал тар киімді кеңейту біраз қиындық тудырады. Енді бірі үйіне перде тіктірісе, тағы бірі келетін келінін шымылдық дайындамақшы болады. Бөбектің тұсауын кесердегі, қызды ұзатудағы ақ матадан төселетін ақ жолды дайындау да дәстүрге айналды. Уақыт өте келе аспазшыларға, үй тазалаушыларға арнайы форма, одан мектеп формасын тікті. Тозығы жеткен диванды жаңа матамен қаптап, жаңадан бетер қылға машықтады.

Соңғы үлгідегі киімдерге тапсырыс берушілер де табылды. Соңардың тапсырысын орындай отырып, кейде Жадыра өтімді матадан көпшілікке қонымды киім үлгілерін өзі ойлап, тігіп шығады. Әр түрлі жастағы қыздарға лайық,

БЕСІГІ БЕРІК, САНДЫҒЫ СЫРЛЫ ШЕБЕР

Аймағымызда қолөнердің қыр-сырын жете меңгеріп, кәсібин алға өрлеткен ағаларымыздың бірі – Құрманәлі Доскеев. Ол тұрмысқа қажетті сандық және бесік жасайды. Шебердің қолынан шыққан әрбір бұйым бүгінде үлкен сұранысқа ие болып отыр. Қаламыздағы сауда орындарында қатар республикамыздың кейбір аймақтары да ісмер бұйымына тапсырыс береді. Соңғы жылдары тіпті Ресей мен Уфадағы қандастарымыз сұраныс жасауда.

Колөнерші жиназ жасауда тоқпен жұмыс істейтін 6 құрал пайдаланады. Ал ұлттық нақыштары ою-өрнектермен арнайы пышақтар арқылы қолмен безендіреді. Шебер негізінен бесікті терек ағашынан жасаған жөн дейді. Ал, өңірміздегі бесіктердің көбісі қарағайдан жасалады екен. Аталған ағаш түрінен жасалған бұйымдар бір-бірінен тез ажырай бастайды.

Соңғы уақытта шебер бұйымдарына тапсырыс берушілер адамның өсімін жаздыруды талап етуде. Дегенмен, ағамыз жасаған бұйымдарынан ұлттық нақыштарымыздың көрініс тапқанын жөн көреді. Қ.Доскеев жасаған жиназдардың әрқайсысын әртүрлі ою-өрнектермен безендіріп, барлық ұлттық нақыштарды қолымен жасап, қамтуға тырысады. – Бұйымдар

көбіне ұлттық нақыштармен безендірілсе, ол аяқталған дүниенің шырайын келтіреді. Маған көбіне тапсырыс берушілер адам өсімін жазып беруімді сұрайды. Мен оған өз басым қарсымын. Себебі, колөнерші шебердің ой-өрісін дамытумен шектелмей, келешекке ұлттық нақыштарымызды насихаттауға таптырмас құрал деп санаймын. Бесік көпшілі гүмбір кешкен бабаларымыздан қалған қасиетті мұра болғандықтан бағасын саудаласуға болмайды. Сондықтан көбіне тапсырыс берушілердің айтқан бағаларына ұсынамыз. Сандық та – халқымыздың асыл бұйымдарынан сактайтын ұлттық жиһазы. Сондықтан біздер үшін екеуі де киелі бұйым саналады, – дейді Қ.Доскеев.

Ағамыз бүгінде аталған өнерге жастардың қызығушылығының артқанын қалайды. Ұлдары Мейірім мен Қамбарға көрген-білгенін үйретуде. Қос ұлы бүгінде жиһаздарды өздері жасай алатындай тәжірибе жинаған. Мейірім мен Қамбар қазіргі таңда жиналмалы бесік жасаудың да қыр-сырын меңгерген. Бүгінде ұлдары аталған жиһаздардан бөлек тұрмысқа қажетті басқа да бұйымдар жасап, көпшілікке ұсынууда. Құрманәлі Мейірімді бала кезінен осы салаға баулыған.

– Мен өкемінің қасында жүріп біраз дүниелер үйірденім. Алғашында жай көмекші болып жүргенде аса қызығушылық болмайтын. Уақыт өте өзім де әртүрлі жиһаздар жа-

сайтын жағдайға жеттім. Мұның барлығы өкемің еңбегі деп білемін. Болашақта үлкен әкем анып, қолға алған жұмысымды одан әрі жандандырсам деймін. Алдағы аяқымға жаңа нысанға көшкен жағдайда тұрмысқа қажетті басқа да көптеген бұйымдар жасауды қолға аламын, – дейді Қамбар.

Қ.Доскеев колөнермен 1980 жылдан бастап айналыса бастады. Ал жұбайы Айгүл Доскеева 2012 жылы жеке кәсіпкер болғалы аталған өнерді толықтай қолға алды. Ісмер алдағы уақытта жаңа нысанға орнала- сып, кәсібін одан әрі жандандырмақ ниет- те. Ұлттық өнерді ұлықтаған жаңа бүгінде колөнерді отбасылық бизнеске балам отыр.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.



БҰРЛАҚ ТҮЗЕ - БЕРЕКЕ

Ұлысқа мерей, туысқа мейір сыйлап, береке мен бірліктің, мейірім мен ізгіліктің бастауы болған көктем мен еңбектің жарқын мерекесі табылдырақ аттады. Жер-ананы бусандырып, табиғатқа көркем рен беретін ұлық мерекеле «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!» деп бір-бірімізге тілек білдіріп жатамыз.

Қасиетті қазақ жері талай ұлт пен ұлысты бауырына басып, пана болған киелі мекен. «Түрі басқа – тілегі бір, жүзі басқа – жүрегі бір» халықтарды бірінен бірің бөле-жармай тең көріп, бір ұзын нанана дейін бөле жеген қазақ халқына алғыстан басқа айтармыз жоқ. Өзге ұлттарды өзекке теппейтін қазақ халқының ниеті, міне, осындай.

Кенпейіл халықта «Ырыс алды – ынтымақ, бірлік түбі – береке» деген орамды сөз маржаны бар. Ендеше, бар-шамыз болып осыған тоғысайық. Бүгінгідей мерейлі мерекеле сімізге тыныштық, халқымызға бақ-береке тілеймін!

Ғалия ҒИЗАТУЛЛИНА,
татар этномәдени
бірлестігінің төрайымы.



САҚТАЛҒАН СҮРДІ АСАР КҮН

Сонымен, мереке тойлап, шат-шадыман көңілмен сұр қосылған наурыз көшеден дәм татар күн таяу. Жалпы, Наурыздың – Ұлыстың ұлы күні деп аталынығына қатысты түрлі аңыздар айтылады. Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келген сәтте жер дүниені жайлаған топан су кері қайтыпты. Сол сәт жер бетіндегі барлық тіршілік ата-улы көк аспаннан түскен қазаннан бірге дәм татады. Содан, бұл күн – Ұлыстың ұлы күні деп аталынып кеткен деліледі көнеден жеткен аңсаналардың бір нұсқасында.

Аңыздар қалай десе де, бұл күн – қазақтың ұлттық мерекесі. Кеңестік кезеңнің саясаты дәстүрлі мейрамымыздың ресми тойлануына тыйым салып, өрісін тарылтып-ақ тастады. Өйтсе де, қазақтың батыр да ақын ұлы Мұхтар Шахановтың Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г.В.Колбинге хат жазып, талап қоюынан кейін, 1989 жылы әз-Наурыз қазағымен қайта қауышты.

Ал, «Наурыз көжеге» келсек, бұны ел ішінде «көп көже», «тілеу көже» деп атайды. Бұл туралы да ел ішінде көптеген аңыз-әңгімелер бар. «Наурыз деген Алаштың ағасы екен, өмірден ұрпақсыз өткені үшін інісі Алашқа өзін жылына бір рет еске алып отыруды тапсырған, содан бастап Наурызды тойлау қалыптасқан екен» десе, енді бір аңызда: «Бұрын қазақтар өзге көпшілі тайпалар мен өріске таласып, үнемі соғысып тұрады екен. Бір жолы олар қарсыластарын жеңіп, жерді тартып алып-ты. Жеңісті тойлау үшін тілеу жасауға кірісіпті. Ет азайған, сарыөзек шақ болғандықтан әркім қолында барын ортаға салып, тай қазанда қайнатып, жұрт болып ішіпті. Содан жыл сайын осы жеңістің құрметіне «көп көже» жасап, тілеу тілейді екен», – делінеді.

Наурыз көже қалай дайындалады? Өрине, қазақтың әрбір отбасындағы ақ жаулықты аналарымыз, жеңгелеріміз мұны бес саусақтай білетіні сөзсіз. Десе де, артық болмас, Наурыз көжеге қыстан әдейі сақталған сүр ет салынып (соғымның шекесі, қоржілік, қазы, шұжық, т.б.), бидай көже істеледі. Оған кемінде жеті түрлі дәм салынады. Олар негізінен: бидай, қатық (ол болмағанда сүзбе, құрт) тары, күріш, ет, тұз, су. Өрине, қолында барлар одан да көбейтіп, так саны негізінде қоса береді.

Қазақтың салт-дәстүрін қатаң сақтайтын Қызылорда қаласы тұрғындарының бірі Заврахом Бейсенбекқызы 1960 жылдары Өзбекстаннан көшіп келген. «Кеңестік кезеңде де Наурыз тойын тойлағанбыз. Бірақ, әркім өз үйінде наурыз көжесін пісіріп, сырттан қонақ күтіп отыратын. Қазір, құдайға шүкір! Өз басым 10 жылдан бері есік алдында бір қазан көже істеп, дастархан жайып, көрші-көлем, ағайын-туысқа, өткен-кеткен жандарға ауыз тигіземін. Наурыз көжесі дайындаудың басты шарты – соғымнан қалған сүрді қосу. Өз басым соған арнайылап ет сақтап отырамын. Мұның негізінде сағынысқан жандарды іздеу, араздасқан жандарды татуластыру жатыр», – дейді көршілері Зура атап кеткен отанасы.

Н.ТАСТЕМІР.

«ОНДЫҢҢЫҢ БАЛАСЫ...»

Күпір сөйлемеспін, Маңғыстаудың қалам ұстайтын, өзгеше ойға бойлай білетін барша баласының алғашқы аударған кітабы Кекілбайұлынан. Өзім бірі қоыр, бірі қанық жасыл мұхабалы тандамалы шығармаларын бастауышпен қатар бітіргем. Тіліміз Әбішпен шықты, тіпті Әбіштің дүниеде барын білмейтін кезімізде. Себебі, балалық киял бойынша кітаптағы ақын, жазушылардың барлығы өмірде жоқ болуы керек еді. Айтпақшы, тіл дегеннен шығады, Әбіштің тілі біздің ауылдың тілі еді. Кітаптан оқыған барлық оқиғалар біздің Қызанда өткендей, тіпті, қазір кітапты тастай қораға барсам Байгеторының терін үтіп, жалын тарап жүрген Сейісті көрердей елегізуші едім...

Біздің санадағы кеңістік ашыла, жазыла келе жазушының өзміздің Шетпеннің шығысындағы Оңдыда тұғанын білдік. Етене екенімзді алғаш түйсінген кезіміз сол кездер шығар...

Сол екі томдықты бітіріп тастаған соң «Әбішінді ішіп алғанбыз» деп ойладық қой... «Баламысың» деген... «Кә, күшік» деуші еді Әкем жарықтық «мырсе» етіп... Ғаламдық ақыл ойдың, мұхиттай мол мұраның дәміне алғаш тұшынуымыз екен ғой ол кездер.

АЛҒАШҚЫ КӨРІСУ

Университетте әсіре белсенді болдық. Ізхан, Сәкен деген курстарым бар, сабаққа қатыспау үшін ғана қоғамдық шаралардың қақ басына құйқылып жүруші едік.

Бір күні «Маңғыстауға Әбіш Кекілбайұлы келеді екен, студенттермен кездеседі» екен деген хабар шықты. «Құдай берді ғой» дестік те, төртеуіміз жұп жазбастан тәрбие жұмысына жауапты проректордың кабинетінен бір ақ шықтық. Мен айтса да бас ізей берсе керек, маған Кекілбайұлының көсемсөздерінің ішінен іріктелген Тәуелсіздік туралы толғауды жатқа айту жүктелді. Қолымдағы жарты паракқа көз жүгірткенде бірден байқадым, «Әбішті ішіп алдым» деп ойлап жүргенім бекер екен. Екі қайтара оқығанда ғана түсіне бастағандай болдым... Мен оқыған «Әбіш» пен мына қолымдағы «Әбіштің» арасы жер мен көктей болып шықты.

Мәжелі күн жетіп келді. Алпыты жақыннан алғаш көруім. Қолы жұмсақ, алқаны мамықтай екені ғана есімде қалыпты... (Абыздың тәуелсіздік, тіл, Бекет Ата туралы толғамдарын төртеуіміз де келістіре соққан болуымыз керек, кейін сол күннің бейне мұрағатын көрген кезде кеменгердің мәз боп шапалақ ұрып отырғанын көрдім.)

Біз айтарымызды айтып болған соң Әбіш Кекілбайұлы сахнаға шақырылды. Ғажапты сонда көрдік. Ауызекі әңгімесінің өзі ғылыми баяндамаға бергісіз, Маңғыстаудың арғы-бергісін ғана емес, болашағын да тілге тиек етіп еркін көсіді деісін бір. Өлемілен әңгіме айтты, келістіре кеңес құрды. Сахнаның артында отырып ұйып тыңдайды, әшейінгі жырқыды жыны қойып, моладағ берген баладай жым-жырт отырғанымыз есімде... Бееу, дәурен екен ғой... Сахна сыртында үн-түнсіз, сағаттап тыңдап отыра беруге болады екен, тек сахнада Кекілбаев сөйлеп тұрсыншы...

Ең қызығы алда екен. Екі сағатқа созылған келелі кеңес аяқталған соң қонағымыз балаңп басып сахнадан түспекке ниеттенді. Тап түсер жерде «бауырым елге келді, көрісіп қалайың» деген оймен Ақтауға келген апасы күтіп тұр екен. Тарихи сәт еді бұл. Шүйкедей ғана асқаулықты кемпірді Алып інісі «ой, сен қайдан жүрсің, айнааалайың» деп бауырына басты... «Адам өзінен үлкен кісіге айналайын деп айта ма екен» деп ойлағаным есімде. Сөйтсем, Кекілбаевтың мейірім толған жүрегінің лүпілі тіліне тыншу бермейді екен. Ауызынан ақтарылған сөздің алғашқысы «айнаалайың» боп келетіні де осыдан екен. Кейін ойлаймыз да, әйтпесе, ол кезде көктуінек едік қой...

ӘБІШ ӘЛЕМІ

Сол кезден бастап көнілдегі Кекілбайұлы бейнесі күн санап көркейе берді, тау тұлағысы зорая, ұлғая түсті. Таза әдеби шығармаларынан соң

көсемсөзі мен кесек ойларын оқуға ауысты. Оқыған сайын тереңге тарта түсті. Салмағы арта берді.

Қызметке араласып, елдің анау-мынау шарасына жарап қалған кезіміз ғой. Астанадан алыстағы Маңғыстаудың өзінде қиюы келмей жататын қыруар жұмыстардың куәсі бола жүріп, кеңсеуи кикілжіңдерлің шет жағасына тікелей кірісетін де кездер болды. Кекілбайұлының кейбір кесіп айтқан, келістіре жазған ойларының мәніне сол кезеңде бойлай бастаған шығармыз. Бұғанасы бекіп, буыны қатайған мемлекеттің облыстық кеңселерінің ішіндегі болмашы нәрселерді болдыра алмай жатқанда тәуелсіздіктің әуел басында тұрған, осы елдің ел болмағына тікелей қатысы бар Кекілбайұлындай нарлардың талайына таңғаласың, тәубеге келесің...

2011 жылы Маңғыстау облысы әкімі жанына құрылған “Арал Каспий өңірінің тарихи ескерткіштерін қорғау” кеңесінің



отырысы болып, Әбіш Кекілбайұлы да келді. Сол кездегі облыс әкімі әрі осы Кеңестің құрылуына тікелей себепкер Қырымбек Көшербаев келелі кеңестің өзімен тентөрағасы етіп Кекілбайұлын бекітті. Не істеу керегін Әбіш Кекілбайұлы айтатын да, қалай істеу керегін Қырымбек Елеуұлының өзі колға алатын.

Хош, сол отырыстың бір қалтарысында Әбіш Кекілбайұлы облыстың активімен кездесетін болды. Мәдениет саласында қызмет етіп жүрген мені сөз сөйлеушілердің қатарына қосыпты. «Жастардың пікірін де тыңдайық, елдің сөзін сөйлей алатын жастар өсіп келе жатса көргім келеді» деп Әбекеннің өзі тілге етсе керек. Сценарийді қатырып жазып алып, тақылдап оқып бергенім болмаса көпшілік алдында көп сөйлеп көрмегеннен тізем дірілдеп қоя бергенін неге жасайрыяң...

Не айтқаным есімде жоқ, бірақ, үш-ақ минутқа созылған сөзімді көпшілік аса бір разылықпен қабылдағанын сездім. Жинауды жүргізіп отырған Қырымбек Елеуұлы менен соң іле-шала қорытынды сөзді Әбекен сөйлейтінін айтты. Шықты. Нар қоспақтың желісіндей былпытып басталды. Өріге кетті, туу әрігес... Жалпы, кейін де Абыз сөз алған көп алқада болдым. Тәңір берген ғажап жақда, телегей теңіз білімге, уызына жауып өскен шұрайлы тілге, таңдай тескен шешен сөзге қиянат қылмайын дейтіні шығар. Кеменгердің кеннен айналмаған, қатпар-қатпар тарихқа соқпай сөйлеген кезін көрген емен. Алыптың қайдағының бәрін білетін шетсіз біліміне, сол білімі байытқан ақылына, ақылы қорытқан сөзді небір кестемен көмкеріп бере салатын тіліне таңдайқатқа боп талай отырғанымыз есте...

...Сөйлеген сайын шешіле, көсіле түсті. Тегі, ұйып қалғанбыз. Түгел үнсіз, Алыптың әр дәмін жұтып, сөз сиқырына тегіс бас ұрғанбыз. Кеңет, Майрамбайдың шабдар қасасындай арылдап келе жатқан Кеменгердің әңгімесі кібіріктікпен барып... үзілді.

— 1989 жыл... Жаңаөзен... Неге жаздым екен бұны?

— Жаңаөзен... Ол жылы көтеріліс болды ғой сонда...

— Иә, ұмытып тұрмын ғой, қара басып... Иә, сол көтеріліс кезінде...

Тағы да кетті көсіліп...

— 1991 жылы осы Маңғыстауда


Қашағанның 150 жылдық мерейтойы өтті. Қазақстанның әр бұрышынан, шетелдерден қонақтар келді. Дүлдүл Қашекем туралы бас баяндаманы мен жасадым (күліп алды). Жаңа бөрің менің бір нәрсені ұмыттып қалғаным жабыла күлдіңдер ғой, ол кезде мен мұндай қатты шал емес едім, жасым елуден енді асқан, жанағы Алмастар секілді салған жерден сайрап қоя беретін бұлбұл едім...

Бітті!

Құлағым тарс бітіп, Әбекенің әрі қарай не айтқаны есімде жоқ. Ол күні жарық жалғанда менен бақытты адам жоқ еді... Ойбай ау, кеменгер Кекілбаевтан әлгіндей сөзді күнде естіп жүр дейсіз бе?!

Көке!
2012 жылы Маңғыстаудан Астанаға келдім. Басқа нәрсені жиып бөлек қойғанда Астана менің Әбіш әлеміне ден-дей енуіммен құнды. Атпасына болмаса да, айына бір рет, екі айда бір рет әрінен сылтау етіп бара беретінді шығардым.

МӘҢГІЛІК, КӨКЕ ЖӘНЕ ҰЛТ САҒЫНЫШЫ



Сіздің тұсыңыздағы Азыз арқасы еді! Енді сол мамыражай заманның шұағы тас төбеден түскен тәтті күнді бөлісіп жүре тұрыңызшы арамсыз. Төрімзді толтырып отыра тұрыңызшы, Көке! Абыз қартымыз, қазынамыз Сіз, өзіңіз! Айтары бар Асқақ азбаған тұста Сіздің Құлжа Арқадай айбарыңызды арқа тұтып алаң ба-сайықшы, Көке, аман боламызшы!

...Көке!

Жақсы көремін, Жасыңыз, Жасыңыз, құтты болсын! Алла енді жамандығын көрсетпесін, Көке!

2013 жылы Көкемнің туған күнінде әлеуметтік желіде жазған құттықтауым еді. Тура екі жыл өткен соң өткен жылдың соңында Әбекенің туған күнінде Астанاداғы шаңырағына арнайы құттықтап барған Гүлнәр Сейтмағамбетова бұл жолдарды Әбекенің өзіне оқып берді. Мен Алматыда жүргем, кешке қарай Оңайғұл Тұржанова апам телефон шалады. «Алмасжан, сенің құттықтауыңды Гүлнәр апан оқып берген. Көкең мәз боп жатыр, сен ізделі. Толқиды, көңілі көтерілді, қайталап оқытты» деді. Алматыға кетіп қалғанымға қатты өкпідім...

...Сол өкпінгеім өкпінген екен. Арала 5 күн өткенде... Көкем бес күн жалғанды арқа тастап кете барды.

Ес білгелі сол күнгідей қатты жылағаным есімде жоқ. Сенгім келмей, көңігім келмей, ешкімді көргім келмей ұзақ егілдім.

Астана қанырап бос қалғандай күй кештім. Жоғалтқанның қадірі түйсігіне тым кеш жететін халықтың ұлымын ғой. Көкеме көзі тірісінде айта алмаған көп нәрсем кеудемде тұнышағып бір қамырлықты, азапты күй кештім.

Сөйлеуге зауқым жоқ, жазуға тіпті қарағым келмейді. Келесі күні елден, Маңғыстаудан ағайын келді. Аздап көңіл бірленгендей болды. Ағаларымды, достарымды көріп сірілген болдым. Бірақ, оқыс жадырауға, жазылып қулуға, ашылып әңгіме айтарға жүректің түбіндегі бір түйткіл жібермей ақ қойды...

Ауылдан әкем, туған ағам телефон шалды. «Қайрылы болсын» деді. Аз-дан соң телефоныма бір фото келіпті. Қасымханнан екен. Аштым. «Алмас, қайғыра берме, мынау сөзді Көкеңнің

ируы тек өзіне ғана тән еді... Менің жазғанымды оқыған болар, оқымаған болар, бірақ, әлгіндей сөз кез келгеннің жылтын үрлейтінін сезіп отыр ғой. Кеңдік дейсіз бе, кеменгерлік дейсіз бе, кемелдік дейсіз бе... Әбішке қай сөз де жарасар еді, тек Әбіш сол сөздерге сыймай қалмаса...

ТАУ ҚҰЛАҒАН...

КОКЕ!

Алла қуат берсін! Әлі талай-талай туған күніңізді тойлауға жазсың! Өзім Сізді қатты жақсы көремін, перзенттік махаббатыммен, інілік кишілігіммен құрмет тұтам, Көке! Амандығыңызы тілімің Құдайдан!

Қазақ тәуелсіздігін алған тұста, өзі өз боп шаңырақ көтерген кезде «жан-жағымнан қауымалан ағайын, уықтарың асықпай, анықтап қадап ал-сыншы» деп БАҚАН ұстаған Ер өіңіз! Ел болып, ауызымыз аққа тисе, Сіздің,

кітабынан фотоға түсіріп алдым. Оқып көр де, жасыңды тый!» депті кіші ағам. Көкемнің сөзі мынау екен:

«...Өлсең де қадіріңді біліп, атыңды ұмытпайтын ел жұртың мен ұрпағың болса, өлімнің несі үрей, несі қиянат. Он сегіз мың ғаламның әр қайсысына жөн тауып берген жаратылыс жарықтықта әділетсіздік деген болуы мүмкін бе, сірә?! Қатары сиреп, қайраты кеткен кәрі уақытын сарқып, дүние ауса несі әділетсіздік. Қайта қадірін кетіріп, болғанын, толғанын көрмеген өгей ортада өлексе сүйретіп жүріп қалғаны қиянат болмай ма?! Ақыл-есі дұрыста жөнімен жөнелу де кез келгенге бұйыра бермейтін бақ емес пе?»

Oh! Жарықтық-ай, айнаалайын Көкем-ай. Құлағымға осы сөзді айттып отырған дауысы келгендей болды... Серпілу керегін, бас көтеру керегін ұқтым. Мырзатай Жолдасбеков «Маңғыстаудың 363-әулісіне Әбіш қой» дегенді көп ағайын көре алмай күңкіліне басқан. Өзі өліп жатып, жұртын жұбатар сөзді де өзі айтқан адамды Әулие демегенде кім дейді өзі?

Өмірден кім өтпей жатыр... Өзекті жанға бір өлімнің бары анық. Бірақ, біреу өлсе, ет жақын ағайынны жылар, біреу өлсе ауыл аймағы тұтас қайғырар. Ал, бір қазаға тұтас Ұлт күніреніп кетеді екен. Осы бір сүйкімсіздеу көріністі көзіміз көрді. Әбіш Көкем өмірден қайтқанда тұтас дәуір, тұтас кезең бірге қайтты. Әлебиеттегі ғана емес, ұлт тарихындағы, мемлекет басқару саласы мен қоғамдық қызмет жағындағы тарихтың бір жарқын парағы аударылды.

Республикалық «Еуразия» телеарнасындағы өзім жүргізетін «Ашығын айтқанда» ток шоуының бір санын Әбекене, оның замандастарының Алып туралы естеліктеріне арнадым. Аға журналист, «Егемен Қазақстан» газетінің бас редакторы Сауытбек Әбдірахманов айтқан сөз есімінен кетпейді. «Жиенім бар, ойлары оқыс деп сырттай таңғалып жүретінім» деді Сауытбек аға. «Осы жексенді ғана сол жиеніммен бір балаымның сөйлесіп отырғанын кездесейек есіттім.

Балам сұрақ қойды, «доктордан кейін кім болады» «профессор» деді жиен. «Одан кейін ше» «академик» деді анау қалыспай. Біздің ұл да тақымдап қояр емес, «ал, академикпен кейін кім болады» «...Әбіш Кекілбаев болады» Жалпы жұртты, оқыған қауымды, көзі ашық қазақты былай қойғанда сөбідің санасына осылай сіңген тұлаға еді Абыз Әбіш.

Әлебиетке арнаған аз уақытында тұтас қазаққа ғұмырлық мұра қалдырған данышпан туралы «Әбішінді ішіп алғанбыз» деп енді ешкім, ешқашан айта алмайтын секілді. Мұхитты тауыса алу мүмкін бе, сірә?!

Алыптан айырылып тұрып, Алғаға тәубе дейсің еріксіз. «Кеменгер дегеннің қандай болатынын көргің келсе, көріп қал» деп Әбішті бере салғаны қандай жақсы... Сол Алла берген ақыл ой дариясының дәмін татып, тамыры тереңге кеткен бәйтеректің саясында аз-кем дүркен шеңберіміздің өзі сиректерге ғана бұйырған бақыт екен ғой...

...Жақында Қызанға барғанда Көкемнің көсем сөздері, естелік әеселері жинақталған кітапты парақтап отырғанда, көзіме бір сөз оттай басылды. «Өсер ел өнгелі ұлдарына Әке тұтады» депті Көкем. Қандай ғажап ой еді, қандай салмақты сөз еді.

Отыра қалып ойға қалыппын. Әбіш Кекілбайұлындай жұмыла жұрт, қалың Қазақ қастерлеген Ұлылар саптан шыққан кезде Ұлт жетім қалғандай көрінед те тұрал... Сосын сол Ұлылықтың мейірімін, саясын сағынып, жүрегің сазып жүргенің... «Айнаалайың» деуші еді ау, жарықтық.

Мәңгіге кеттің, мәңгілікке айналдың. Төбемізден қарап, «айнаалайың» деп еміреніп тұрған шығарсың...

Көш бол, Көке!

P.S. Жазбаың бітіріп, нүктесін қойдым да телефонымды қолыма алдым. Бекзат Жүсіптен келген хат бар екен. Сырда жүрген бауырым сүрет жасапты. Ашып қарасам, екі жасар Әзірашынның фотосы екен. Көзі мәділер отырап ботақаның қолында қоңыр тымсы кітап: Әбіш Кекілбаев!

Ал, енді Мәңгілік демей көріңіз!

Алмас А.ТАЙ.

Астана қаласы.

1946 жылы Әбілхан нағашымның отбасында екі бала бірдей шетінегеннен кейінгі қайының орнын баса келген нәрестенің есімі Алданыш деп аталып, ауылдық кеңестің кітабына жазылып та қойылған-ды. Дүние есігін ашқан сәбиге тұтқиыл болсын айта келген діни сауатты, ислам қайғаттарынан мол хабары бар Ақшауыл есімді нағашы апамыз: – Алланың қай ісіне де пенде шүкірлік етуі тиіс. Шүкірлік Дәуіт пайғамбарымыздан қалған жол. Алла өзі берді, өзі алды. Сендерге Алланың рахымы түсіп перзентті болдыңдар, енді бұл балаңың есімін Алданыш емес Рахым деп атаңдар, – деген. Сонымен құжатқа түскен есім бірте-бірте ұмыт бола бастады.

ӨН БОЙЫНАН ӨНЕГЕ ӨРЛІГЕН

Рахым – Әбілхан нағашымнан тарап, тірі қалған төрт ұлдың үшіншісі. Бітім-болмысымен өз бауырларының ешқайсысына ұқсамайды. 1 сәуір – Күлкі күні дүниеге келіп, балалық шақта ойымен құмарын қалдырған, жігіттіктің есін тандырған, жүрген жері әзіл мен күлкі, ойлы, зерделі қалпы бар байсалды азамат болып қалыптасты. Өзі басынан кешкен хикаяттарды тапқырлықпен, ұтқырлықпен әзіл-шынын араластырып айтқанда ортамыздың көркіне айналып сала береді, жанымыз жадырап, сүйсініп демалып қаламыз. Өңгімелерін бір-бірімізге айттып ауызымыздан тастамай жүреміз. Айналамыздан біздер көре алмаған, көрсек те, ішіне үңіле алмаған табиғат сұлулығы Рахымның зерделеуінде басқаша әріне түседі. Сірә, жаны сұлу адам ғана сұлулықты көре білетін болса керек. Оның бойындағы табиғатқа деген өмірі басылмайтын сағыныш, сұмдайтын сезім сені таңқалдырай қоймайды. «Сағынбай барсаң, таулар да, сірә, қарсы алмас сені асқақтап, Ойлаудың мүмкін, дүниені мына кеткен екен деп тас қаптап», деп Төлеген Айбергенов айтқандай, біздер үшін тау дегенің – тас, орман – сынысқан ағаш.

Бірде автокөлікпен Қызылордадан Шымкентке жол жүріп бара жатып Рахымның ұсынсымен тоқтадық. Біздің жатақты жарма суынның шамасына келмейтін, түті көрініп ағып жатқан тау суы. Рахым “мына тамаша табиғатқа тамсанбай, таңырмамай қалай ғана зырғып өте бермексің. Қараңдаршы...” деп барлығымыздың назарымызды табиғатқа аударды. “Өңтүстіктің адамдары түгүлі есегі де бақытты ғой. Анау есекті қарашы, алды-артындағы көк майса шүйгінге, мәділер ағып жатқан салқын тау суына да қарамай мұрнын шүйіріп тұр ғой!” деп, бізмізді күлдіргенді.

Оның поэзияға құмарлығы айрықша. Ақын Мұқағалидың «Есіне мені алғайсың» және басқа өлендері қызығушылығымызды Рахым өткен. Исраил Сапарбай, Мұстафа Шаханов, Қалыр Мұрызалев шығармаларымен тесне тыныс, олардың шығармаларын өмірлік қозғарысына арқау, отбасының тәрбиесінде үлгі, өнеге еттеді. Жас күнімдегі бір ретсіздеу әрекетіме орай мені «Сәпен, сен ақылың көп, сабырлық жоқ», деп мінезімді деп басып өлгенге қосқан да Рахым. Өнер жолында да жүрген әншілер мен композиторлардың қазақ мәдениетіндегі алатын орнын жіктеп, өлең салмақтарына саралап бере алады. Кино өнерін түсіну мен оны талдаудан Рахымның алдына түсетін біздің ортамызда ешкім жоқ. Өзі де музыкалық аспаптарда ойнап, әнді де біршама жақсы салады. КСРО халық әртісі Мүсілім Мағомаевтың қайтыс болғаны Рахымның жанына қатты батты. Жақын бауырынан айрылып отырғандай күй кешті.

Жас кезіміздегі біздердің өмірлеріміз бүгінгіден өзгеше еді. Рахымның үйі ауылда болып, сегізінші класқа дейін біздің үйде жатып оқыды. Есеп шығарысып, өлең жаттап жарысмыз. Шынайы достық пен мәдениеттілік жайлы сөз таластармадық. Отан – «Сен колхозниксің, мәдениет дегеннің не екенін білмейсің», деп тігісеміз. Ол да ессен жібермей «қамыр илеп, тезектің шоғына таба нан пісіргені де мәдениеттілік пе?» деп, бізді мұқатқан болады. Айтасып, тартысып қылқалңірдек боламыз, бірақ қызылшекке болған емеспіз. Онжылдықтың соңғы екі жылын кешкі ауыл-жастары мектебінде оқып бітірді. Кешкі мектептің беретін білім сапасы күндізгі мектептің білімімен салыстыруға келмейтіні белгілі. Бірде тұрғызылып жатқан жер үйдің шатырын жауып жатқанбыз. Рахым “мына ағаштың (странила) ұзындығы мен бе, алде құрап жалғау керек пе екен?” деп сұралды. Бізге “Рахым-ау, Пинфтор теоремасын білесің ғой, есепте шығарсай”, дейміз. Сол сәтте Рахым жауып алғандай “Сәке, сол теореманы өтетін күні мектепте жақсы болмай қалып, қуанып, ұралап үйге қайтып кеткенбіз”, деп дайын әзілімен жауап берді.

Онжылдықты бітірген соң Шымкент қаласындағы сауда-кооператив техникумына түсіп, товаровед мамандығын алды. Кейін Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтын сырттай оқып бітірді. Облыстық кооператив саласында, сауда инспекциясында, атқару комитетінің баға бөлімінде, халықтық бақылау комитетінде, Қызылорда қалалық халықты әлеуметтік қорғау саласында абыройлы қызметтер атқарып зейнеткерлікке шықты. Құдай қосқан қосағы Тұрсынқұлмен бір қыз, екі ұл тәрбиелеп, жоғары білімді азамат етіп өсірді, олардың әрқайсысы бір-бір шарырақтың иелері. Қарлығаш пен Марат – Астанада. Нұрлыбегі «Найза-қүзет» компаниясының басшысы, ата мен ененің қас-қабағын баққан келіні Олия қолдарында. Келіндері мен күйеу балаларының ата-аналарымен мынақылдық құдалықтары жарасып, сыйластық қарым-қатынаста.

Рахым өз өмірінің мағынасын түсінген ізгі жан. Зейнеткерлікке шығып, қариялыққа бет бұрғандағы ұстанымын көпке үлгі-өнеге. Ортамыздың, дос-жолдас-тарының, көрші-қоланыңн батағой асқалаы. Оу бастан болмысындағы үлкеннің бетіне жеті боп тимейтін жан сөз көтергіш тәзімділігі имандылыққа, сауап аларлық істерді атқаруға алып келді. Екі мәрте қажылық парызын өтеп келсе де, кейбіреулерге ұқсап өзінің қажы екенін жарияламайды. Оның осы ұстанымы тау тұлғалы шайыр Тұрмағамбеттің «Адамдық иесіңді жұрт аңсап тұрсын» деген қағидаға сай келеді.

Өмірді сүймейтін пенде жоқ шығар. Рахым өмірді айрықша сүйеді. Өмір туралы, өмір сүру жайлы полспасын бөлек. «Өмір деген – қамшының сабы дейміз. Қос қамшы сабының қай жеріне келіп тұр екенбіз», деп терең ойға кететіні бар. Иә, Рахым нағашым «Өмірге менің өкпем жоқ, Жаманға есем кеткен жоқ. Біреуге мен де жетпеймін, Біреулер маған жеткен жоқ» (Өмірзақ Қожаұмұратов) деп жетпіс жасқа, зәулеттің, дос-жараның қадірлісі, сыйласы болып кеменгер қалпында келіп отыр. Аллаға шүкір!

Сәпен АНСАТОВ,
еңбек ардагері,
«Құрмет» орденінің иегері.

«КСЕЛЛ» 2015 ЖЫЛҒА МОБИЛЬДІК ИНТЕРНЕТ ЖӘНЕ ДАУЫСТЫҚ БАЙЛАНЫС ЖЕЛІЛЕРІН ДАМУЫТҮ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ШЫҒАРДЫ



«Кселл» АҚ желілерді дамыту жөніндегі жұмыстары 2015 жылы абоненттердің мобильдік интернетті тұтынуының іс жүзінде екі есе ұлғайғанын алып келді. Одан басқа, компания 2 мыңнан астам тұрғыны бар қазақстандық ауылдардың 50 пайызын мобильдік интернетіне кіруін қамтамасыз етті. Жылдың осы және басқа нәтижелері туралы компанияның техникалық департамент менеджменті есепті пресс-іс-шарада республикалық БАҚ журналистеріне айттып берді.



Жұмарт

Құрметті қызылордалықтар және қала қонақтары!

Сіздерді Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Наурыз – жылдың басы, күн мен түннің теңелер шағы. Тамырын тереңнен тартқан осынау мейрам – береке мен бірліктің, тазалық пен татулықтың тұғырын нығайтып, риясыз шаттық пен қуанышқа кенелтер ұлы мереке. Ежелден жасау мен жасампаздықтың бастауы, мырыс пен берекенің арқауы болған әз-Наурыз қасиеттеріңізге талағай табыстар әкелсін. Наурыз мерекесінде өкпе-реніш жойылып, қуаныш пен шаттықтың лебі ессін! Ақмол болсын, жасылымыз ырысты болсын!

Құрметпен,
«ҚазГерМұнай» БК» ЖШС-ның бас директоры **Жәніп Лисинь.**
«ҚазГерМұнай» БК» ЖШС-ның бас директорының бірінші орынбасары **Кәрім Мәдет**

Жұмарт

Құрметті қызылордалықтар!

«ПетроҚазақстан Құмқол Ресорсиз» АҚ басшылығы атынан және өз атымынан баршаңызды шығыс халықтарының төл мерекесі, көктемгі жаңару шағы – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз – бұл газырдан газсызға жалғасып, бүгінгі күнге жеткен, түрлі замандар мен ұрпақтар сабақтастығының үздіксіз байланысын және табиғат пен барлық тірі жаныбылардың ояну шағын бейнелейтін шұңқ иұрын төккен көктем мерекесі.

Осы айтулы мерекені көпұлтты халық өкілдерімен бірге қарсы алып, атап оту өзіндік дәстүрге айналып кеткені белгілі. Ұлттық мереке күні бәріміз өзінзді ауызбірлігі жасарсақн тату отбасындай бір үлкен ұжым іспетті сезінеміз. Бұл мейрам ұлтқа және сенім-наным ұстанымына қарамастан, барлығымыз үшін құрметпен қарайтын ортақ мереке болып табылады.

Бір ерекшелігі, биылғы Наурыз мейрамы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тұспа-тұс келіп отыр. Осындай керемет мереке қарсаңында Сіздерге және отбастарыңызға мықты денсаулық, амандық-саулық, зор табыс және бақытты да жарқын болашақ тілеймін! Киелі Сыр елі сүзденіп, халқының әл-ауқаты артып, өсіп-өркендей берсін!

Құрметпен және ілтипатпен,
«ПетроҚазақстан Құмқол Ресорсиз» АҚ басқарма төрағасы **Цинь Хуэйи**

“ҚАЗМҰНАЙГАЗ” БАСШЫЛАРЫ СЫР ЕЛІ МҰНАЙШЫЛАРЫНЫҢ ОРТАСЫНДА

Алашқа – Ана, талайға – пана болған қасиетті Сыр өңірінде соңғы жылдары әлеуметтік саланың барлық бағыты бойынша едәуір ілгерілеушілік байқалады. Уақыт өткен сайын қарқынды дамып келе жатқан қасиетті мекен бүгінде мұнайлы өлке ретінде де танымал. Сәйкесінше, Сыр өңірінен шыққан «қара алтын» ел байлығы екеніне көз жетіп отыр. Аймақта аталған сала бойынша мұнай кен орындарын барлап-бақылап, кәдеге жаратып отырған «ҚазГерМұнай» компаниясы бірегей құрылым ретінде танымал.



Ерекше экономикалық кезең жағдайында компания дағдарыс деп дағдарып қалмай, алға қойған жоспарларды уақытында орындап келеді. Сапалы қызметті өзіне басты мақсат санайтын мекеме ұжымы жұмыс орнын қысқартпауға бел буып отыр. Бұл жөнінде еңбеккерлер мен басшылық арасында арнайы ұжымдық шарт жасалып, алдағы екі жылда қызметкерлердің жұмыстан қысқармайтындығы айтылды. Мұндай келісімшарттар мұнайшылардың ертенгі күнге деген сенімін күшейтумен қатар жұмысқа деген ынтасын арттырады.

Мұнай өндіру көлемін молайтып, жұмысшыларының жағдайын жыл сайын жақсартуды көздейтін компанияның еңбегі мен жетістігі мақтауға тұрарлықтай. Алғашқы жұмысы тобының жетекшісі «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның аппарат басшысы Бауыржан Асқаров компания басшылығымен өткізілген мәжілісте 2016-2018 жылдардағы ұжымдық шарттың оперативті іске қосылып, қиын кезеңде өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шұғыл жинақталып,

оптимизациялауда, жалпы өндірістік қаржылық талаптарды нығайтуда қол жеткізілген шешімдер үшін компания ұжымына алғыс білдірді.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын қазгермұнайлықтар да тамаша жетістіктермен қарсы алды. Мерекеге арналған концерттік бағдарлама театрландырылған көрініспен ашылды. Күн мен түн теңеліп, Самарканның көк тасын жібіткен Әз-Наурыз «ҚазГерМұнай» компаниясының бас ғимаратында ерекше сән-салтанатпен аталып өтті. Қасиетті Сыр өңіріне айтулы азаматтар мен өнерлі ұл-қыздар ат басын бұрып, мерекенің ажарын аша түсті. «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның бас директоры Құрманғазы Есказиев бастаған топ Сыр еліне сапары барысында компания басшылығы және «қара алтын» өндірудің қыр-сырына қаныққан білікті қызметкерлермен кездесті.

Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев халқымыз үшін сан жылдар сабақтастығын үзбеген әз-Наурыздың орны қашанда ерекше екендігін атап өтті.

– Ата-бабамыздан келе жатқан қасиетті мейрам – жай ғана жыл басы емес. Бұл – енесей биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі! Ғасырлар қойнауынан жеткен қасиетті дәстүр! Бүкіл адамзат баласының мәдени мұрасы, асыл қазынасы. Бұл мерекенің ғибраты мол ғұрыптары мен тағылымды дәстүрлері жоғары руханияттылығымен ерекшеленеді. Бұл бүкілхалықтық мерекені бірігіп атап өту жақсы дәстүрге айналды, айтулы мерекемен баршанызды құттықтаймын! Аймақта экономикалық қарқынның жыл санап қарқынды келе жатқанын, «қара алтын» өндіру көлемінің артуы облыс үшін де, мемлекет үшін де мақтаныш, – деді облыс әкімі.

Мемлекеттің ең негізгі мұнай-газ компанияларының тізгінін ұстап отырған «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның бас директоры Құрманғазы Есказиев Сыр еліндегі ұжымның болашағы зор екеніне сенім білдірді. Дәл қазіргі таңда мемлекеттің мұнай өндіру мен тасымалдау саласында негізгі құрылымды күшке айналып отырғанын атап өткен қадірлі қонақ қазгермұнайлықтарды жыл басы – Наурыз мерекесімен құттықтады.

– Құрметті мекеме ұжымы, сіздер елдің дамуы жолында, мемлекет экономикасының қарыштап дамуы үшін тынымсыз еңбек етіп келесіздер. Үздіксіз еңбектің жемісін көріп, мұнайшылардың арасында Наурыз мерекесін бірге тойлап жатырмыз. Елбасы қойған міндеттердің бірі дағдарыс жағдайында жұмысшылар санын қысқартпай, жұмыс стратегиясын бірқалыпты сақтау біздің де міндетіміз. Өз кезегінде компания басшылығы да жұмысшыларының қабағына кірбін түсірмей, еңбек өнімділігін арттыру үшін қызмет ету-



де. Наурыз мерекесінде өкпе-реніш жойылып, қуаныш пен шаттықтың лебі ессін! Сіздердің еңбектеріңізге жеміс, отбастарыңызға амандық тілеймін, – деді «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ның бас директоры Құрманғазы Есказиев.

«ҚазГерМұнай» БК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Жәніп Лисинь әріптестерін Наурыз мерекесімен құттықтап, игі тілегін білдірсе, бас директордың бірінші орынбасары Мәдет Қарим компанияның бүгінгі мен болашағына қатысты сөз қозғады.

– Ел экономикасы дәл қазір ала-құла күйде тұрғаны жасырын емес. Жаһанды жайлаған доллар бағамының құлдырауы бізге де кері әсерін тигізбей қоймады. Өйтсе де, біз мұндай кедергілерге мойымауымыз керек. Мекеме жұмысының әрбір қадамы қазіргі экономикамыздың өрістеуі үшін жасалып жатыр. Біз бүгінде кен орындарын көбейтуді жоспарлап отырмыз. Қазірге дейін қызметкерлеріміздің алаңсыз жұмыс атқаруы үшін, оларды толықтай жатаханамен қамтамасыз еттік, – деді Мәдет Саипұлы.

Наурыз мерекесіне байланысты шаралар компанияның кен орындарында да ұйымдастырылды. Мұнайшылар тойлаған Наурыз мерекесі еліміздің эстрада жұлдыздарының өнер көрсетуімен қорытындыланды.

Алтын ОҢТАЛАПҚЫЗЫ,
«ҚазГерМұнай»БК» ЖШС.



КОЛӨНЕРІН КАСТЕРЛЕГЕН

«Шебердің қолы – ортақ». Расымеңде салай. Олай болатыны, кез келген шебер немесе кәсіп иесі көз майын тауысып жасаған туындысымен ұлтының салт-дәстүрін, бітім-болмысын өзгелерге паш етеді. Сол арқылы өз халқының тарихы, бүгінгі мен келешегінен сыр шертеді. Сондықтан да осынау дарынды жандардың тарапына қандай ізет білдірсек те артық емес.



көрмесі көпшілік назарына ұсынылды. Осындайда балауса дарынның талабын ұшпаған, өзіне деген сенімін нығайтқан білім ордасының басшылары, ұстаздардың көрегенділігіне еріксіз сүйінесін.

Қанат ұшса қатайды. Сол мектеп қабырғасынан өрбіген Құдайбергеннің қадамы сәт санап шыңдалды. Бүгінгі таңда өзі де сан шәкіртті колөнердің қыр-сырына баулыған тәлімгер. Айтуға оңай. Әсірелеп жеткізсек, бейнегі иенмен құдық қазғаннан бетер өнерді меңгеруге жүйкесі темірдей адам қажет. Оған көкейдегіні жан дүниесімен сезінетін аса нәзік түйсікті, қиядағын шалатын қырағы назарды қосыңыз. Колөнерші азамат «Мұрагер» атты жеке шеберханасының жұмысын жолға қойған. Яғни, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген. Аталуының өзінен бабалар

мұрасына деген адалдық аңғарылатын шеберхана аудан тұрғындарына жақсы мәлім.

Құдайбергеннің жеткен жетістігін санамаласаңыз, есебінен жаңыласыз. Ол – Қызылордала өткен конкурстың «Халықтық көркем кәсіпшілік» саласы бойынша лауреаттығын жеті жыл қатарынан жеңіп алды. Президент мәдениет орталығында ұйымдастырылған «Шебер-2011» конкурсының «Озат іскер» номинациясының жеңімпазы атанып, Малайзия еліне жолдама иеленді. Әр жылдары ауданның «Жылдың үздік колөнер шебері», «Жылдың үздік зергері» атанды. Бірнеше мәрте аудан әкімінің дипломы, Алғыс хаттарымен марапатталды. Аудандық, облыстық, республикалық, аймақтық, Орта Азия, БҰҰ-ның халықаралық көрмелеріне қатысты. Жүлделерге ие болды. Оның қолынан шыққан бұйымдары Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Қазалы, Арал музейлерінде жәдігерлікке алынған. Бірнеше жұмыстарына шетел азаматтары қызығушылық танытты. Оның колөнер бұйымдары алыс-жақын жерлерден келген қонақтарға қадесей ретінде табыс етіледі.

«Елдің атын ер шығарады» деген осы.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.

Өңірімізге белгілі, облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы қала және аудандық деңгейде халық тұрмысына аса қажетті азық-түлік емес тауарлардың бағаларына күнделікті мониторинг жүргізіп келеді.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ЕМЕС ТАУАРЛАР БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ

Осы жылдың 17 наурызында облыстық кәсіпкерлік басқармасы мен қала әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі қызметкерлері бірлесіп, облыс әкімінің тапсырмасымен, кезекті рейдке шығып, сауда орындарының хал-ахуалымен танысып, азық-түлік емес тауарлардың бағаларын білді. Бұл жолы «Жаңа базар», «Атамекен», «Фристайл» сауда орындары мен «Гүлдана» құрылыс заттар базарына жұмыстар жүргізілді.

Аталған сауда үйлерінің кейбір киім-кешектерге 20%-50% аралығында жеңілдіктер жасалуда. Мәселен, «Атамекен» сауда үйінде ерлердің және әйелдердің киімдеріне 20-30%- жеңілдіктер. Мысалы, маталардың барлық түрінен тігілген әйелдер көйлегі орташа бағамен 10000 теңгені, ал ерлердің жеңілдері орташа бағамен 8000 теңге, әйелдердің маусымдық аяқ-киімдерінің орташа бағамы 15000 теңгеден, балалардың маусымдық аяқ киімдері 4000 теңгеден, ерлердің қысқы және күзгі аяқ-киімдері 8500 теңгеден халыққа ұсынылуда.

«Фристайл» сауда үйінде әйелдердің кейбір маусымдық аяқ-киімдері жаппай сатылымға 30-50% жеңілдікпен 3000-5000 теңгеден, ал жеңілдіксіз күнделікті маусымдық аяқ-киімдері орташа бағамен 15000 теңгеден, ерлердің маусымдық аяқ-киімдері орташа бағамен 10500 теңгеден, балалардың маусымдық аяқ-киімдері 5000 теңгеден сатылуда.

«Гүлдана» құрылыс базарында шегенің орташа бағамы 257 теңге болса, әктің 1 келісі 100 теңге, эмульсия 300 теңгеден сатылуда. Ал тұрмыстық техникалардың бағасыда жаңа тауарларды әкелуіне байланысты көтеріңкі болып тұр. Оған себеп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік емес тауарлар тобындағы кейбір тауарлардың маусымдық сипатқа ие болуы және валюта бағамының ұлғаюы.

Жалпы, күнделікті мониторинг нәтижесіне сәйкес халық тұрмысына аса қажет азық-түлік емес тауарлардың бағасы бірқалыпты. Бүгінгі күні облыстың азық-түлік нарығындағы жағдай тұрақты, қандай да бір өнімдерге сұраныстың, немесе әлеуметтік маңызы бар тауарлардың жетіспеушілігі байқалмайды. Азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру және қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар жалғасын табады.

ХАБАРЛАМА

«Бекмуратов Н.» ЖК Қазақстан Республикасы «Экологиялық Кодексінің» 57-бап, 3 тармағына, Қоршаған ортаны қорғау Министрінің қоғамдық тыңдау өткізу туралы ережесіне сәйкес 2007 жылғы 7 мамырдағы №135-Б бұйрығы негізінде Қызылорда облысының экология департаментінің мемлекеттік экология сараптамасына қарауға көзделіп отырған қызметтің «Маханбет ауылдарына орасаласан Бекмуратов Н.» ЖК кірпіш зауытының қоршаған ортаға алдын ала әсерін бағалау» жобасы туралы қоғамдық тыңдау өткізді. Қоғамдық тыңдау 2016 жылғы 8 сәуірде, сағат 11-00-де. Өткізу орны: Қызылорда қаласы, Ж.Маханбетов ауылы, О.Жақенова к-сі, №22.

Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін барлық қоғамдық ұйымдар мен азаматтарға мына мекен-жайға хабарласуға болады: Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 144. Телефон: 87017752540, 87422230316. Эл.пошта sa-saraptama@mail.ru.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр Медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұмарт ОҢДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редакцияның орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

рубрика және апарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
өлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлмі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шіелі, Жәңгіржан: Құрманғазы Елтай - 8724 32 4-59-51

е-mail: syrboy@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аттасына 3 рет, сәтсәйбәт, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Аппарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу күнін №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті

ҚР СТ ИСО 9001-2009

“Сыр медиа” ЖШС-ының басқарушысы

Бейбітбек Сұлтан мұсаев, 4

Газеттің таратылуына “Хабарланды” - 23-64-61

“Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция меншік-айды:

Қызылорда қаласы, Бейбітбек Сұлтан мұсаев, 4

Таралымы: 28493

Тапсырыс № **301**

Электронды оқылым – 28000.